



● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ



Флешмобқа қатысып көрдің бе?

Қостанай қаласының Сити-орталығында жастар арасында облыстық флешмоб сайысы өтті.

Орталық алаң жастарға толы. Барлығы да көңілді. Бүгінгі сайыстың ерекше екенін айтуда. Жастардың басын қосқан іс-шараны ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті, Білім басқармасы, Жастар саясаты жөніндегі басқармасы

және Қостанай қаласының әкімдігі бірлесіп ұйымдастырды.

«Байқау мемлекеттік қызметке қолжетімділікті және азаматтардың тең құқығын көрсететін және олардың қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызметті насихаттауға бағытталған», — деп департамент басшысының орынбасары Әсет Досекенов атап өтті. Қызықты шоуға қалалықтар да куә болды. Қол шапалақтап сайыскерлердің өнерін қолдады.

Флешмоб ұйымдастыру кейінгі кезде сәнге айналып кеткендей. Қоғамдық орында жүзеге асырылады, алдын-ала дайындалған адамдардың саны шектеусіз бұқаралық іс-шараның бірі. Әдетте, бұл белгілі бір тақырып немесе оқиғаға орайластырылып қоғамның назарын өзіне аудару мақсатында өткізіледі.



Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



Баспасөз – 2017

«Қостанай таңы» — сенің газетің оған 2017 жылға жазылу басталды

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. «Қостанай таңы» газетіне:
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
1 жылға – 6000 теңге
6 айға – 3000 теңге.

– жеке оқырмандарға жазылу бағасы:
1 жылға – 4500 теңге
6 айға – 2250 теңге.
– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:
1 жылға – 4200 теңге
6 айға – 2100 теңге.

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

5 миллион тонна астық жиналды

Биылғы жылдың орақ маусымын аяғына дейін жеткізу үшін өңірдегі толассыз жаңбыр кедергі келтіріп отыр. Алайда жауын-шашынға қарамастан, қостанайлық диқандар астықты толығымен жинап алуға қауқарлы. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының хабарлауынша, қазіргі уақытта 4 млн гектар егінжай орылған, бұл – барлық алқаптың 95 пайызы.



Әзірше 5 миллион 300 мың тонна бидай жиналды. Мамандардың сөзіне сүйенетін болсақ, гектарына шамамен 13,3 ц өнім береді. Қостанай облысындағы 6 ауданда орақ маусымы аяқталды. Олар – Аманкелді, Әулікөл, Жанкелдин, Науырзым, Таран аудандары және Арқалық қаласы.

К.ҚОНЫСБАЙ.

Қарттарға қамқорлық

Жанкелдин аудандық "Біздің Торғай" газетінің ұжымы халықаралық қарттар күні мерекелік дастарқан жайып, қарт журналист Қытайбек Ербатыровқа, ардақты аналар Күләш Қайырбекова мен Рая Шаймоваға ізгіліктің жолымен ілтипат жасап, қарттарға лайықты құрмет көрсетті.



Аудандық газеттің директор-бас редакторы Гүлім Ысмағұл ұжымның атынан жүрежарды тілегін жеткізді.

– Үлкенді сыйлап, құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Бүгін, еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіздер, – деді Г.Ысмағұл.

Сондай-ақ, Гүлім Мылтықбайқызы Қытайбек әкеміздің иығына шапан жауып, Күләш пен Рая әжемізге қамзол кигізіп, аналықтың ақ арындай болсын деген ниетпен бастарына ақ шәлі орамал тақты. Салтанатты басқосуда газет тілшісі Аяғөз Мұстафаның ұйымдастыруымен мектеп оқушылары мерекелік ән-шашуларын тарту етті.

Құрметке бөленген қарттарымыз да дастарқан басында тағылымды әңгімелер айтып, газет ұжымына ақ баталарын берді. Жылына бір келетін мерекені жақсы көңіл-күймен қарсы алған қариялар осылайша ақ тілектерін есіктен шыққанша жаудырумен болды. Себебі, біздің міндетіміз егде тартқан қарияларға қамқорлық танытып, ұлылықтың дәстүрін ғұрыптап, құрмет көрсету.

Фархия ТӨРЕБЕК.

Жанкелдин ауданы.

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Діни сауатын ашты

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының "2020 жылға дейін діни білім беруді дамыту" тұжырымдамасы негізінде, Қостанай облыстық мешітінің ұйымдастыруымен, Қостанай қалалық мешітінде екі айлық сауат ашу курсының шәкірттеріне арнайы сертификаттар табысталды.



Бұл жолы да курс шәкірттері "Фикһ", "Ақида", "Құран" және "Араб тілі" мен "Тәджид" пәндерінен білім алды.

Мұнда тек білім алып қоймай, көңілді бой сергітер спорттық ойындар, өз араларында әрқандай жарыстар да ұйымдастырып тұрды. Сонымен қатар мешітте өткізілген қайырымдылық шараларына белсенді қатысып, көмектерін көрсетті.

Ілім жолындағы алғашқы ізденістерін бастаған талапкерлерге облыстық мешіттің найб имамы Икрам Бахытжан қажы ақ батасын беріп, сәттілік тіледі.

ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкілдігінің баспасөз қызметі.

● САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Тегін тексерістен өтті

Қарлығаш ОСПАНОВА

Дүниежүзілік жүрек федерациясының бастамасымен қыркүйек айының соңғы күні Бүкіләлемдік жүрек күні болып аталып келеді. Осыған орай, біздің өңірдің медициналық ұйымдарында да аталған күнге орай ашық есік күндері мен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, бұл күнді атап өтуден облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары да қалыс қалған жоқ.

– Бүкіләлемдік жүрек күніне байланысты біздің орталықтың мамандары қаламыздағы №2 емханамен бірігіп акция өткіздік. Бұл күн қарттар күнімен тұспа-тұс келгендіктен біз айтулы шараға егде кісілерді жұмылдырдық. Акция барысында дәрігерлер зейнеткерлердің артериялық қан қысымын, бойын, салмағын өлшеп, қандағы қант пен холестерин мөлшерін анықтады. Терапевтер келгендерге тегін дәрігерлік кеңес берді. Акцияны қалалық ардагерлер ұйымының базасында ұйымдастырғандықтан болар, шараға атсалысқан кісілер қатары да аз болмады, – дейді орталықтың валеологы Рабиға Наукенова. Сонымен қатар, орталық ма-



мандары Бүкіләлемдік жүрек күніне орай, қаламыздағы №14, №15 және Б.Момышұлы атындағы орта мектеп пен М.Горький атындағы гимназияда да болып, ұстаздар арасында тренинг өткізді. Кездесу барысында мамандар жиналғандарға тегін медициналық тексерулер жүргізіп, салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, артық салмақтан арылу, жүрек қан тамыр аурулары қаупінің алдын алу туралы кеңестер берді.

Мамандардың айтуынша, жүрек қан тамырлары ауруы

әлем бойынша өлім санын арттырып, жыл сайын осы ауруға шалдығатын адамдар қатары жылдам өсуде. Тіпті, ғалымдар 2030 жылы әлем бойынша осы аурудан 23,3 миллион адам көз жұмады деп болжап отырған көрінеді. Біздің елімізде де жүрек қан-тамыры ауруына шалдыққандар қатары көбеймесе, азайып отырған жоқ. Өткен жылы еліміз бойынша егде жастағы 1,5 млн. астам адам скринингтік тексерістен өткен, соның жүз мыңнан астамынан ауру белгілері анықталған. Сондықтан, дәрігерлер жүрек ауруларынан темекі өнімдерінен бас тарту, дұрыс тамақтану, майсыз тағамдарды тұтыну, физикалық белсенділікті арттыру, қан қысымын төмендету, диабеттен сақтану және липидтердің деңгейін төмендету арқылы күресуге болатындығын айтады.



Халықтық атаққа ұсынылуда

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның мәжіліс залында "Халықтық атағына ұсыну жөніндегі" комиссияның отырысы болды. Комиссия құрамында ҚР Мәдениет министрлігі және облыстық мәдениет басқармасының өкілдері бар.

– Облыс бойынша 14 ұжым үміткер ретінде өз ұсыныстарын берген болатын. Біз бүгін Арқалық қаласына келіп қазақ ұлт-аспаптар оркестрін, "Инжу-Маржан" вокалдық тобын, "Қазына" ардагерлер хорын, сонымен қатар Аманкелді ауданының "Әуен" қазақ ұлт-аспаптар ансамбльдерін тыңдадық. Бәрі де тұрақты ұжымдар. Әрқайсының өзіндік тарихы бар. Репертуарлары өте бай. Тек қана халық күйлері емес, жергілікті авторлардың, өзге де шетелдің шығармаларына толы.

Арқалықтықтардың жоғары деңгейде өнер көрсететіндіктеріне сенімді болдық. Бұл жер



өнердің ордасы. Қай жанр болмасын жоғары деңгейде дамып келеді. Оны жыл сайын өтетін фестивальдерден сондай-ақ, республикалық, халықаралық деңгейлердегі байқаулардан тамашалауға болады.

Облысымыздың ең үздік ұжымдарды ұсынғаннан кейін біз олардың барлығы да халықтық атағына лайық деп білеміз. Ұлттық өнердің жоғары деңгейі

де дамып келе жатқанын дәлелдей алдық, алда да жақсы жұмыстар өткіземіз деп ойлаймыз, – дейді комиссия мүшесі, облыстық халық шығармашылығы орталығының жетекшісі Салтанат Өтелбаева. Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: "Қазына" ардагерлер хоры. Суретті түсірген автор.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ



Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный қаласы әкімдігінің ғимаратында жастар ісі жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Оған Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Кенеш Өлімжанов мен әкімнің орынбасары Елена Скареева қатысып, жастармен тікелей жұмыс істейтін мекеме-ұйымдардың өкілдерімен күн тәртібіндегі төрт мәселені қарады.

Кеңесте алғаш болып сөз алған қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Талғат Еришев жастар арасында спорттың дамуына қандай жағдай жасалғандығын және ауыз толтырып айтарлық жетістіктерді бір шолып өтті. Оның сөзіне сенсек, қаламызда 153 спорт нысаны жұмыс істеп тұр. Оларда 12641 адам белсенді түрде спорттың 42 түрімен айналысады екен.

Баяндамадан кейін Елена Вадимовна соңғы бір жылда спортпен айналысушылар қатары қан-

шалықты артқандығын сұрады. Бұл сұраққа жауап берген балалар мен жасөспірімдерге арналған №2 спорт мектебінің директоры Иван Баглаев барлық мәселе спорт алаңдарына келіп тірелетіндігін кесіп айтты. Яғни жаттығатын орындарлық толы. Басқарма жетекшісі бұл мәселені аулалық клубтардың жұмысын жандандыру арқылы шешуге болатындығын жеткізді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе шығармашылық ұжымдардың жұмысы болды. Осы салаға жауапты Ирина Лисицына мәдениетте керісінше өсім байқалатындығын айтты.

– Тек қана "Горняк", "Алые паруса", "Орбита", "Арман", "Юность" мәдениет үйлерінде 1745 адам қатыстырылған 44 шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш пен ондағы жастардың үлесі күн санап өсіп келеді, – деп қуантты ол.

Сөз кезегі салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының бөлім жетекшісі Фариза

Мырзаеваға берілгенде, ол ішімдікке құмар жандардың саны өткен жылмен салыстырғанда 1 адамға ғана төмендегенін жасырмады. Жыл басынан бері ұйымдастырылған 130-дай алдын алу іс-шаралардың ішінде "Көкнәр", "Өрмек" сияқтылар нақты нәтиже берген. Сондықтан жиналғандар осы бағыттағы жұмыстарды қайта қарау керектігін ескертті.

Соңғы болып баяндама жасаған "ССКӨБ" АҚ-ның жастар саясаты бөлімінің өкілі Шаттық Әбдіқалықов кен алыбында жастардың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруға, осылайша мансап бойынша өсуге барлық жағдай жасалғандығын атап өтті. Өндірістегі жастар жұмыспен қатар өнер мен спортты қатар алып жүретіндігін үлгі етті.

– Бүгінгі таңда бірлестікте жұмыс істейтін 18 мың адамның 5 мыңы жастар. Біз олармен тығыз жұмыс істеп, олардың таланттарын ашуға тырысамыз.

Жастардың әлеуметтік жағдайы назардан тыс қалған емес. Мәселен жуық арада жас мамандарға арналған Качарская көшесінде орналасқан жаңа тұрғын үй пайдалануға берілмек. Дәл осындай тағы бір үй қаламыз бен Қашар кентінде де бой көтеретін болады. Осының барлығы бірлестік президенті Береке Мұхаметқалиевтың жастарға жасап отырған қамқорлығы деп білеміз, – деді ол.

Күн тәртібіндегі сұрақтардың барлығы қаралып болғаннан кейін кеңесті қорытындылаған Кенеш Ғалибекұлы Рудный қаласының тазалығына тамсанындығын жасырмай, осындай шаһардың ішкі өмірі де сыртына сай болса екен деді. Жастардың білім қуып, Астана мен Ресейге кетіп жатқандығына алаңдаушылығын білдірді. Сөз соңында кеңес жұмысына оң бағасын беріп, диалогқа әрдайым ашық екендігін айтты.

Суретті түсірген
Ирина СТАРИКОВА.

Мен таңдаған мамандық

Орта мектепті аяқтағаннан кейін еш ойланбастан мұғалімдік мамандықты таңдап, Қостанай қаласындағы мемлекеттік пед-институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша "үздік дипломмен" аяқтап, №13 орта мектебінде алғашқы еңбек жолымды бастап отырмын. Менің мамандығым – мұғалім! Яғни, көкірек көзімен тарихты тамырынан тамшылата жас ұрпақ зердесіне зерлей, шырайлы сөзбен кестелей таныту менің де еншіме тиді. Мектеп өміріне араласып кетсең, қайнап жатқан ошақ төрізді. Ұжымның жатырқамай жылы жүзбен қарсы алуы мені жігерлендіреді түсті. Алғашқы сабақтан-ақ көзін менен алмай, бар ниетімен тыңдап отырған жас жеткіншектердің білімге деген ынтасы мені бірден баурап алды. Өсіресе, мен таңдаған қазақ тілі мен әдебиеті пәні жоғары буынның сүйіп оқитын пәні. Оқушыларым менің жаңа тәжірибеме қызығушылықпен жауап берді. Осылайша, менің бірінші ұстанымым пайда болды: оқушыларды оқыту үшін, бірінші өзің оқуың керек, оқушыларға тәрбие беру үшін, тәрбиені өзіңнен бастауың қажет, сонда ғана осы мамандыққа лайық боласың. Ұстаздық жолдың қыр-сыры да көп екеніне көзім жетіп келеді. Дарынды оқушымен ғана жұмыс істемей, үлгерімі төмен оқушыны да қамтуың керек. Оқушы алған бағасының әділдігіне көзі жетуі тиіс. Осының барлығын көріп жүріп, жаңа үрдіске сай ізденесің, жаңалық ойлап табасың, тырысасың... Өсіресе, мен сабақ беретін 7-сынып оқушылары санаулы болса да, әрқайсысының мінезімен қоса ынтасы да әр түрлі.



Осылайша, мен өзімнің екінші ұстанымыма келдім: биіктерге жету үшін, өз идеяңды таба білуің керек. Мен әрбір сабағымға жақсылап дайындалатын болдым, содан соң оқушылардың сол сабақта не үйренгені және сол тақырыпты оңай есте сақтауларына өз күшімді салып отырдым. Кенеттен бойымда құлшыныс пайда болғанын сездім және деңгейлік бағдарламаның оқу үдерісіне өзгеріс әкелетінін мойындадым. Ендігі мақсатым "кембридж төсілдерін" оқысам да, стратегияларын тынымсыз ізденіп, пайдалану арқылы білім сапасын арттыру.

Гүлбану СӘБИТОВА,
№13 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Рудный қаласы.

Болашақтың қозғаушы күші

Алтынсарин өңірінде де "Нұр Отан" партиясының "Жас Отан" жастар қанаты жемісті жұмыс атқаруда. Алтынсарин аудандық бөлімшесімен көптеген жобалар мен іс шаралар жүзеге асырылды. Құрастырылған жұмыс жоспары: сапалы білім, еңбек, бірлік пен мәдениет, жастардың кәсіпкерлігін қолдау, ғылымды дамыту, еріктілер бағыты бойынша жүргізілуде. "Жастар – Отанға!" партиялық жобасының аясында жастарды қоғамдық өмірге тарту жұмыстары атқарылып жатыр. "Көшбасшы" жобасының шеңберінде аудан жастары мекеме басшыларымен

кездесіп, көкейкесті сұрақтарды қоя алады. Аудандық және облыстық басылымдарға мақалалар беріліп, жастар қанатының идеялары насихатталуда. Алтынсарин ауданында "Жас Отан" жастар қанатына 171 жас азамат мүшелік етеді, олардың қатарында мемлекеттік, медицина, білім салаларының қызметкерлері, жас кәсіпкерлер, оқушылар және т.б. Бұл жасотандықтар армиясының әр күндегі еңбегі, ол болашағымыздың табысты болуының кепілі болып табылады! "Жас Отан" жастар қанаты – болашақтың қозғаушы күші!

Сабыр МОЛДАҒАЛИЕВ.

Жастар акциясы – Қарабалықта



Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының бастамасымен 2011 жылы мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлт жастарынан тұратын "Тілдарын" клубы құрылған болатын. Осы клубтың белсенді мүшелері "Мемлекеттік тіл – менің тілім" атты жастар десанты акциясының шеңберінде Қарабалық ауданының жастарымен кездесу өткізіп қайтты. Аталған клуб жұмысының негізгі міндеті – қоғамдық өмірге белсенді араласып, мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау, мемлекеттік тілге деген сұранысты арттыру болып табылады.

Аудан орталығындағы Қазақстан агротех-

никалық колледжінің акт залында жиналған жастар келген қонақтарды жылы қарсы алды. Жиынды акцияны басқарып келген Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Саят Нәзіров ашты. Қарабалық ауданының тілдерді оқыту орталығының директоры Алтын Ержанова мен аудан жастары атынан Мария Озарникова бүгінгі шараның берері мол екенін тілге тиек етіп, сәттілік тіледі.

Акция барысында "Тілдарын" клубының белсенді мүшелері қатысушылармен қазақ тілінде әртүрлі ойындар өткізіп, жеңімпаздарға сыйлықтар таратты. Аталған іс-шараға керік беріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға аудандық мәдениет үйінің әншілері де өз үлестерін қосты.



ститутын дамыту үшін шынайы мүмкіндіктер мен ЖОО сұраныстарына жауап бере алатын реформаларды жүзеге асыруды мақсат етіп қоюымыз керек. Ол мақсаттар менің бағдарламамда төмендегіше көрініс табады. Ең бастысы, академиялық, ғылыми-зерттеу қызметін, әлеуметтік және инфрақұрылымын жақсарту арқылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын бәсекеге қа-

белсене қатысуымен жұмыс берушілердің облыстық қауымдастығы құрылады. 2016 жылдың аяғына дейін педагогтың кәсіби стандарты негізінде барлық педагогикалық мамандықтардың білім бағдарламалары жасалады. "Психология" және "Информатика" мамандықтары бойынша Гульельмо Маркони (Рим, Италия) университетімен бірлесіп, екі дипломды білім беру бағдарламасы дайындала-

Е.ӘБІЛ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ДАМУ нақты істерден тұрады

Жоғары оқу орындарына дербестік беруді кеңейте түсу мәселесі білім саласын дамытудың 2019 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында қаралған. Жоғары оқу орындарының топ-менеджментін – ректорлары мен проректорларын бәсекелік, ашықтық, мөлдірлік негізде конкурстық іріктеу соның бір көрінісі болып табылады. Конкурс алғашқылардың бірі болып Қазақстандағы байырғы білім ордасының бірі – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты ректорының лауазымы үшін өткізіледі. Бұл орынға әрбір үміткер білім ордасын дамыту жөніндегі алдағы үш жылға арналған өзінің бағдарламасын жұртшылық назарына ұсынады. Біліктілік бәйгесінен біз де сырт қалмауды ұйғардық.

Педагогикалық білім – жалпы білім беру саласының іргетасы. Қазақстан Республикасының білім жүйесіне соңғы оншақты жылда жасалған реформалар әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға, халықаралық білім стандарттарына бір табан жақындауға бағыт ұстанды. Қостанай мемлекеттік педагогикалық ин-

білетті ету болмақ.

Бірінші бағдарламалық мақсат – корпоративтік басқару ұстанымдарының, басқарудың және қаржылық-шаруашылық қызметінің мөлдірлігі негізінде институттың менеджментін жетілдіру болуы тиіс. Бұған қол жеткізу үшін бірқатар шаралар қабылданады. 2016 жылдың аяғынан бастап институтта Бақылау кеңесі жұмыс істей бастайды. Ректор мен проректорлар жұмысын институтішілік бағалайтын механизм және оның нормативі жасалады. 2017 жылдан бастап ректордың облыс жұртшылығы алдында есеп беруі және жыл сайын тәуелсіз қаржылық аудит жүргізілуі жоспарланады. Студенттер арасында сауалдама түрінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг енгізіледі, соның ішінде ол институт сайтында онлайн тәртібінде жүргізіледі.

Екінші бағдарламалық мақсат – өңір үшін бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрлар дайындауға бағытталған академиялық қызметті жетілдіру деп білеміз. Алға қойған мақсаттық көрсеткіштерге жету үшін институттың

білім бағдарламаларын жасауға шетелдік әріптестер – Виа Домисиа (Перпиньян, Франция), Батыс Вирджиния (Моргантаун, АҚШ) университеттері, Ресейдің, Венгрияның жоғары оқу орындары, институттың талапкерлерге тартымды бола түсуі үшін үш жылдың ішінде жатақханадағы орын тапшылығы шешімін табады. Бұл мәселе жүзеге асуы үшін Қостанай қаласындағы дайын ғимараттарды алу және оларды қайта жөндеп, жаңғырту жоспарланады. Мемлекеттік-жеке-

меншік әріптестік аясында жатақхана салу да ескеріледі. Студенттерді әлеуметтік қолдау үшін 2017 жылы жеңілдік берудің принциптері мен тәртібі және білім алуға жеңілдік пен білім алушыларды ынталандырудың нормативтік құжаттары дайындалады. Жоғары оқу орнындағы жұмыстың ерекшеліктері ескерілетін жаңа ұжымдық

Үшінші бағдарламалық мақсат – ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту, білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарының әлеуетін пайдалану болмақ. Профессорлық-оқытушылық құрамның шетелдік басылымдарға мақалалар жариялауын жеңілдету үшін консалтингтік және шетелдік жарияланымдарды қоса беру қызметін құрамыз. Бюджеттен тыс қаржы есебінен ішкі ғылыми гранттар бағдарламасын жасаймыз. Оқытушылардың ғылыми ізденістері үшін айлық жалақысын үзбей шығармашылық демалыс берудің нормативтік базасы дайындалады. Ғылыми жұмыстардың нәтижесін өндіріске, оқу үдерісіне енгізуді және студенттерді ғылыми жұмысқа, сонымен қатар ғылыми жобалар бойынша авторлық ұжымға тартуды қаржылық жағынан қолдау қаралады.

Төртінші бағдарламалық мақсат – институт жұмысын әлеуметтік, ақпараттық-кітапханалық және инфрақұрылым жағынан жақсарту болып табылады. Студенттерге әлеуметтік жағдай туғызу, институттың талапкерлерге тартымды бола түсуі үшін үш жылдың ішінде жатақханадағы орын тапшылығы шешімін табады. Бұл мәселе жүзеге асуы үшін Қостанай қаласындағы дайын ғимараттарды алу және оларды қайта жөндеп, жаңғырту жоспарланады. Мемлекеттік-жеке-

келісім-шарт жасалады. Институт қызметін ақпараттық қолдау мақсатында жоғары оқу орнының білім сайты жаңартылады.

Бесінші бағдарламалық мақсат – институт қызметін қаржылық тұрғыдан жетілдіруге саяды. Табыс көздерін өртаптастыру мақсатында консалтингтік қызмет пен қаржыландырылған ғылыми жобалар дами беретін болады. Ғылыми және консалтингтік қызметті коммерцияландыру қызметі құрылады. Оқуға түсетін талапкерлерді тарту үшін білім бағдарламаларының Маркетинг орталығы жұмыс істейтін болады. Үш жыл ішінде бюджеттен тыс қаржыландыру 50 пайызға өседі, білім беру қызметтерін ұсынудан түскен табыстың көлемі 75 пайызға дейін төмендейді.

Бағдарламаларды жүзеге асыруға қажетті қаржы көзі институттың Жарғысы аясында жүзеге асырылған қызмет түрлерінен, демеушілерден және оқу орнына қайтарымсыз берілген материалдық ресурстардан түскен ақшадан құралады. 2017-2019 жылдары институттың бюджеті біртіндеп ұлғая бастайтын болады, ол ең алдымен бюджеттен тыс қаржы есебінен өседі. Бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған қаржы көлемін (төмендегіше) тұспалдауға болады және ол нақты экономикалық жағдайға байланысты реттелуі мүмкін.

жылдар	Барлығы (мың.теңге)	Бюджеттік (мың.теңге)	Бюджеттен тыс (мың.теңге)
2017 жыл	1 300 000	741 000	559 000
2018 жыл	1 330 000	705 000	625 000
2019 жыл	1 350 000	675 000	675 000

меншік әріптестік аясында жатақхана салу да ескеріледі. Студенттерді әлеуметтік қолдау үшін 2017 жылы жеңілдік берудің принциптері мен тәртібі және білім алуға жеңілдік пен білім алушыларды ынталандырудың нормативтік құжаттары дайындалады. Жоғары оқу орнындағы жұмыстың ерекшеліктері ескерілетін жаңа ұжымдық

Педагогикалық білім ордасын дамыту – тұтас білім саласын жаңғыртудың кепілі. Сондықтан Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын дамыту менің бағдарламамда айтылған нақты істерден тұрады.

Ал бүкіл еліміздің жан-жақты, тұрақты дамуы білім саласының деңгейіне тікелей байланысты. Қостанай.

Мектебі бар батырдың

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік идеологиясын қалыптастырудың маңызды шараларының бірі – ономастикалық жұмыс болып табылады. Осы бағытта соңғы екі жылдың ішінде облысымыздағы ономастикалық комиссия біршама жұмыстарды атқарды деп айтуға болады. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының жетекшісі Жанболат Үмбетовтың айтуынша, мәселен, 2014 жылы облыстық ономастикалық комиссияға әлеуметтік-мәдени нысандарға ат беру туралы 17 және өңірдегі қала-аудандардағы көшелер атауын өзгерту жөнінде 11 ұсыныс түсті. Осы жоғарыда айтылған ұсыныстар жан-жақты қаралып, талқыланды. Республикалық ономастикалық комиссияға жіберілген он бір материалдың тоғызы мақұлданды. Мысалы,

1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына байланысты Қостанай қаласындағы №5 орта мектебіне Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының, Жітіқара қаласындағы №9 орта мектебіне Кеңес Одағының батыры Естай Есжановтың есімдері берілді. Сол секілді Алтынсарин ауданы Обаян селосындағы көшеге Кеңес Одағының батыры Сергей Амеличкиннің есімі беріліп, бюсті орнатылды.

Облысымыздың Сарыкөл, Әулікөл аудандарындағы көшелер Астана, Бәйтерек, Тәуелсіздік атауларымен аталып, Шақшақ Жәнібек батырдың есіміне ие болды. Қостанай қаласындағы мауыты-шұға комбинаты ауданында Қобыланды батырдың ескерткіші орнатылғанын да айта ескертіміз жөн. Ескерткіш орын тепкен көшені батырдың есімімен ата-сақ, артық та болмас еді.

Мұғалім. Мектеп. Мереке

Киелі қара шаңырақ Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының іргетасының қаланғанына биыл 132 жыл толмақ. Осы уақыт аралығында аталған білім ошағының қабырғасынан небір ғалымдар, қоғам қайраткерлерінің түлеп ұшқаны белгілі. Атап айтқанда, қазақтың белгілі революционері Әліби Жангелдин, қазақтың тұңғыш журналисі Мұхамеджан Сералин, педагог-жазушы Спандияр Көбеев, Қазақстанның халық әртістері Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Серке Қожамқұлов, кезінде министр, ректор болған Әмір Қанапин, Темірбай Дарханбаев сынды халқымыздың даңқты перзенттері де осы мектепте тәлім алған.

Бүгінде арамызда жүрген белгілі ғалымдар Аманжол

Күзембайұлы, Жангелді Отарбаев, Қалқаман Жақыпов, Сәлім Меңдібаев және басқа да көптеген түлектер осы мектеп-интернаттың кешегі шәкірттері. Ұлы ғұламалардың бәрі де ұстаздан білім алған, сондықтан болар, абыройлы міндетті атқарып жүрген ұстаздарды халқымыз әрқашан ерекше құрмет тұтқан. Ата-анадан кейінгі балаға білім беріп, тәрбие үйрететін ұстаз бен тәрбиеші. Сөздің реті келгенде айта кетейін, менің балам да аталған білім ошағының оқушысы атанды. Осы шаңырақта бірінші күннен-ақ ерекше бір жылу байқалды.

Мектеп-интернатта тәрбиеленіп жатқан балалардың рухани, адамгершілік дамуына, шынығуларына қолдау көрсетіп жүрген 5 "б" сынып тәр-

биешісі Күланда Досжанованы ерекше атап айтсам, артық емес. Өйткені Күланда апай осы қысқа мерзім ішінде балаларға сүйіспеншілік, мейірімділік, махаббат және жүрек жылуын бере білген жандардың бірі. Ендеше, осынау үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған, ұстаздар мен тәрбиешілерге қандай мақтау, мадақ айтсақ та артық емес.

Олай болса, үлкен киелі қара шаңырақта, яғни Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың қызметте жүрген ұстаздар мен тәрбиешілерді мұғалімдер күнімен құттықтап, үлкен шығармашылық табыс тілеймін.

Жұмабике ШӘКІРОВА.

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Жанұзақ Бейсенәлі Қостанай ауылшаруашылық пединститутының зоо-инженерия факультетінің түлегі. Осыған қарамастан, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын облыстық телевидениеде режиссер болып жұмыс істеген. Редактор қызметін атқарып жүріп ауыл шаруашылық министрлігінде солтүстік 5 облыстың өкілі болып тағайындалады. Бұл 1995-1998 жылдар аралығы. Ал бүгінде Жанұзақ Бейсенәлі өңіріміздегі жеке кәсіпкерлердің алдыңғы буыны. Міне, осы бір азаматтың кәсібімен танысып, келеңсіз мәселелерін біліп қайтқан болатынбыз.



Кәсіпкерге кім немесе не кедергі?

Жанұзақ Бейсенәлінің айтуынша "ойлағаның бір бөлек те, істеген ісің бір бөлек". Өз жұмысын дәлелге келтіре алатын азаматтың сөзі бұл. Айталық 1998 жылдар Жітіқара қаласына келіп тұрақтаған ол тәуекелге бел буып диірмен ашады. Бүгінде осы кәсібін дөңгелеткен күйі наубайхана мен макарон өндірісін қолға алып отыр. Бұл аз десеңіз Жітіқара қаласы түгілі Қарабалық пен Денисов секілді аудандардың өзінде жоқ вагонға астық тиеу нысанын жасап шығарады. Жеке кәсіпкер үшін мұндай жұмыстардың іске асырылуы қарқынды жұмыс нәтижесін көрсететіні анық. Дегенмен кейіпкеріміздің жеке кәсіпкерлердің жұмысын арттыру мен қолдауда өңіріміздегі қызмет саласы жайындағы пікірі көңіл көншітпейді.

— Үкімет тарапынан ешқандай көмек жоқ. Тек айтылу ғана. "Даму" деген бағдарламаны іске асырушылардың жұмысы көңілімнен шықпай-ақ қойды. Кеңселерінде боянып-сыланып, сықырып отырғаннан басқаны білмейтін сияқты. Қала, аудандарға келмейді. Ешқандай ақпаратпен бөліспейді де. Барсаң кедергі жасайды. Олардың қызметі бойынша банктің өз қызығушылығы бар. Кепіл талап ететіні тағы бар. Мысалға, менің мына жердегі өндірісім Қостанайдан он есе артық. Ал мұны бағалағанда 10 есеге кемітерін қайтерсіз. Сонда бұл — мұндағы ауылдың адамдары қаланың адамдарымен салыстырғанда кем, кемтар дегендері ме деп қаласың. Ал облыстағы ғимараттардың бәрі мықты. Олай болмайды ғой. Олай болса Қазақстандағы қалалар жақсы да қалған жерлердің бәрі жаман болғаны.

Дәлірек айтқанда мен мына жерге 5 жарым млн. доллар салдым, ал олардың бағалау дәрежелерімен алғанда бұл өндірісімнің 1 млн. долларлық құны жоқ. Бұл деген барып тұрған әділетсіздік. Тағы бір кішігірім мысал болсын: өндіріс аумағына 1 шақырымдық темір жол салдық (астық тиеп әкететін вагондар үшін). Жалпы құны 1 млн. доллар тұрады. Ал енді бағалап көріңіз.

Үкіметтік ұйымдар мен кәсіпкерлікті қолдау мекемелерінің тағы бір көңілімді қалдырған тұсы бар. Маған жаңа жылдан бастап кредит беремін деген уәделерін әлі орындаған



жоқ. Әуелде 45 млн. береміз деп келіскен олар, енді келіп 20 млн. береміз дейді. Одан да бермей-ақ қойындар дедім. Айналайынау, 1 тонна бидай 60 мың теңге тұрады. Ал маған қаншама тонна бидай керек екенін түсінесіз бе?! Бұған дейін несие алдым. Айына 650 мың теңге төлеп отырдым. 15 млн.-ға пеш алдым. 9 млн.-ға тағы бір пеш пен екі "Газель" көлігі алдым. Істеп жатыр. Бірақ мен мұнымен тоқтап қала алмаймын ғой. Өндірісімді дамыта түсу үшін тағы қаржылай көмек керек. Бұған дейінгінің бәрі аздық етеді. Бірақ, бермейді.

Мен кеше 500 мың теңгеге бір машинаны сатып алдым. Соған млн.-ға жуық қаржы салдым. Ал мен оған қомақты қаржы салып жүргенше жаңасын алуға неге үкімет көмектеспесе? Осындайда болмаса қолдауы қайда, олардың? Үкіметтің істеп жатқан жұмысы теледидарда ғана. Мәселен мен оңтүстік аймақтарда жиі боламын. Ол жақтарда кәсіпкерлерге "Даму" секілді ұйымдар өздері жағдай жасап беруге ынталы. Ал бізде мүлде басқаша, — дейді Жанұзақ Бейсенәлі.

Бір өзі жалпы саны 50-60 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Наннан бөлек макарон өндірісінде итальяндық жетік технологиялар пайдаланылады. Қызметкерлер үшін бөлмелер қарастырылған. Бір сөзбен айтқанда жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Үш мезгіл тамақ тегін. Ол өзі өндіретін өнімді негізінен Жітіқарадан бөлек Қамысты ауданы мен басқа да аумаққа шығарады. Өндіріс ұлғайған сайын өнім тасымалдайтын көлік күші жетіспей жатыр. Осыған орай Қостанайға жақын жерден

бүтіндей өндіріс орнын ашу да жоспарында бар сыңайлы.

— Инфрақұрылымның бәрін өзіміз жасап жатырмыз. Ешкім келмейді. Энергетика болса ол өз кедергісін жасайды сөндіріп тастаймыз, өйтеміз-бүйтеміз деген секілді. Бұл әкімшілік сияқты түрлі құрылымдардың жеке кәсіпкерлермен қоян-қолтық жұмыс жасай білмегендігінің белгісі. Не істесең оны істе дегендей келеді де сөндіріп тастайды. Үкіметке жасап жатсың ба, жасап жатқан жоқсың ба әкімшілікке одан ешқандай келіп кететін нәрсе жоқ сияқты. Қаланың "КЕГОК"-тан өндіріс орнына дейін келетін бір линиясы бос жатыр. Соны маған бер немесе жалға алайын десем "жоқ болмайды" — дейді. Сөйте тұра қалада сатылатын нан бағасын көтермеуімді сұрайтыны тағы бар. Арзан нан жегісі келеді. Жеке кәсіпкер өссін, өнсін деген жағдай жоқ мұнда. Егер менде линия болатын болса тоққа кететін ақшамды 18 теңгеден емес 14 теңгеден алар едім, — деген кәсіпкер мырза осы сияқты көзге көрініп тұратын екі жақты тиімділіктерді тиісті орындардың ескермейтініне де өкпелі екендігін жеткізді.

Кәсіпкер қазіргі нәпақасын айырып отырған жерге 2003 жылдан бастап орналасып алған екен. Бұған дейін бұл жерде асфальт зауытының гаражы болған екен, ол мұны иеленіп ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, кей тұсын қайтадан салып іске асырады. Маңайында 10 мың тонна сыйымдылығы бар қойма да орын тепкен. Осылайша алып ғимаратта екі-үш өндірістің басын біріктіріп "Ақ мол" ЖШС ретінде және "Бейсенәлі" ЖК ретінде де жұмыс

істеп жатқан жайы бар.

Жанұзақ Бейсенәлі сөз арасында "қалай кіріс болса, солай шығын болады" дегенді айтып қалғандықтан "қаншалықты пайда тауып жатырсыз?" деген сұрақ қойған едім:

— Мәселе пайдада емес. Жұмысшыларымның еңбекақысын уақытында берудің өзі арман. Мұндағы жұмысшылардың кейбірі өздерінің шағын ғана отбасын асырай алмайды, ал менде 40-50 адамды асырау жауапкершілігі тұр. Соңғы 3-4 жылда Жітіқарада бидай болған жоқ. "Тобыл ӘКК" АҚ маған 20 млн. теңгені пайызсыз, келісім-шартсыз және еш кепілдіксіз берген болатын. Бір аптаның ішінде ақша құйып берді. Ол қаржыны уақытында қайтардым. Ал қазір инвестициялық жобаның ғана ақшасы қалды. Банкке ешқандай қарызым жоқ. Алғым да келмейді, бірақ ақша жетпейді. Мысалға диірмен істейтін болса 2 000 тонна бидай керек. Бұл осынша тонна айналымда болу керек деген сөз. Айына 1 200 тонна ұн шығады. Оны сату керек, оның артында тағы бидай болуы керек деген сияқты жұмыстары бар...

— Ал қазір осы көлемді игеріп отырсыздар ма?

— Жоқ! Өйткені қазір бидай қымбат. Көрсеткіш бірнеше пайыз төмен. Жұрттар нашар бидайды алып ішіне химия салып істеп жатыр. Арзаны арзан. Сапасыз дүниеге жуығанша, сапалы өнімді пайдаланып, сапалы жұмыс істе. Есесіне наның да, бәрі де жақсы болады. 2016 жылдың қалай болатынын көре жатармыз. Әлдеқайда зор жетістікке жететінімізге сенімім мол.

Тек жоғарыдағы мәселелердің шешімін таппайтын себебі мынада: президентіміз жеке кәсіпкерлерді қолдау керек деп айтып жатқанымен біздегі іс басқаша. Жиі болмаса да СЭС пен өрт қауіпсіздігінен тексерістер келіп тұрады. Тексереді... Прокуратура пара алды деп ойламас үшін айыппұл салатынын айтып 30 АЕК көлемінде төменгі айыппұлды өтеп алады. Көнесің, көнесің де қоясың. Міне, осы біздің шағын кәсіпкерлік.

— Жұмысшылар құрамы жайында мәлімет бере кетсеңіз.

— Күніне 15-20 мың теңге төлеп мұндағы жергілікті жұмысшыларымды үйрету үшін шет елден, көршілес Ресейден арнайы технолог мамандарды

әкеліп отырамын. Нанның бәрін істеп үйретіп жатқан адамдар шетелдіктер. Тіпті нанға салатын қоспалардың бәрін Ресейден әкелемін. Нанымның бағасы дүкенде 65 теңге. Ең төменгі нан бағасы да маған тиесілі. Наубайханада жасалатын нан өнімдерінің 20-30 түрі халыққа ұсынылады. Ал жұмысшылардың жағдайын жоғарыда айтып кеткендіктен қайталаудың қажеті жоқ болар. Өзіңіз де көз жеткізген боларсыз деп ойлаймын.

— Кәсіпкерлер үшін ғана емес, кез-келген пенденің де менмұндалаған мақсаттары болатыны анық. Сіздің алға қойған жоспарларыңызды біле аламыз ба?

— Жоспар жетеді, оған ақша керек. Алдағы уақытта күнбағыс майын өндіретін зауыт ашқым келеді. Мында 5 га жер бар. Бізде күнбағыс өспейді. Ресей мына жерде кіріп тұр...

100-200 бас сиыр ұстасаңыз сүт өндірісін қолға алуға да болады. Менің есебім бойынша 35 сиыр ұстап та айына 1 млн 500 мың теңге таза пайда табуға болады екен. Бірақ, білесіз бе?! Мұндай тірлік жасаймын дегендерден кепілдік талап етіп қана қоймай, ананы-мынаны сұрайды сөйтіп адамның көңілін қалдырады. 1 литр қаймақ мың теңге. Сиырдан 20 литр сүт шығады 2 литр қаймақ береді. Сарысуын нанға салсаң көремет болады. Бәрін циклды қылып істеуге болады. Құр сөз болмас үшін тағы бір жаңа мысал келтіре кетейін: оңтүстіктен келетін азаматтар малды мында арзанға алады да Шымкентке, Қарабұлаққа сатады. Ол жердегі бір ауылда 70 мың өзбек тұрады. Олар әлгі малды семіртеп етін бөлен есе қымбатқа өзімізге қайта сатады. Ойлап қарасаңыз мұның бәрін де қолға алып реттеу алдымен өзімізге қажет, — дейді өндірісін өрге сүйремекке талап қылған кәсіпкер.

Кешегі балаң жігіттің осынша жетістікке жетудегі қажырлы еңбегіне таңданыс білдірген біз — болашақ кәсіпкерлерге нені ескерген жөн және қандай қасиеттері болуы керек деген сынды сұрақты еріксіз қойған едік:

— Жас кәсіпкерлерге ең бірінші тәжірибе жинау керек. Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілесің дейді. Әр адам армандайды. Мысалға менің әкем малшы болған. Мен қазақтың төрт түлігінің қыр-сырын жетік меңгердім. Ал сөз деген бір бөлек, оның бәрін істеу керек. Бірақ, қазір қарапайым малшының өзін табу қиын. Бәрі компьютердің алдында отырып жұмыс істегісі келеді. Ешкімнің еңкейгісі келмейді. Істеймін деген адамға жұмыс жетеді. Мысалға маған тепсе темір үзетін жігіттер 30 мың теңгені малданып күзет секілді жұмыстарда уақыт жоғалтып жай жүретін сияқты көрінеді. Өз басым ондайға шыдай алмас едім. Сондықтан да кез-келген жас өз уақытын тиімді басқаруды үйреніп, бар қабілетін пайдалануда тайсақтамау керек, — деп кеңесімен бөлісті. Біз де оның атқарып жатқан жұмысына көңіл марқайтып, ел экономикасының кемелденер шағы әлі де алда екен-ау деген ойда қалдық.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенті.

Суреттерді түсірген автор.

Жастар KZ

Жастарға арналған қосымша №11 (102)

Флешмобқа қатысып көрдің бе?



1-бет Конкурста белсенді жастар, мектептер, колледждер, жастар ұйымдары мен бастама-шыл топтардың арасынан шыққан 11 құрама қатысты.

Сайыс қорытындысы бойынша үшінші орынды Науырзым ауыл шаруашылығы колледжі құрамасы ие болды, 2-ші орынға А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 1-ші орынға Қостанай политехникалық колледжі ие болды және Гран-при иегері Қостанай педагогикалық колледжі атанды.

Сайыс біздің өңірде алғаш рет өткізіліп отыр. Бірақ келешекте мұндай шаралар дәстүрлі түрде өтіп тұруы мүмкін.



Жастар легі көбейді

Қазіргі кезде мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар саны жетерлік. Әрқайсысының арқалаған міндеті де әр бөлек. Дегенмен, бағдарламаның тиімді тұстары көп-ақ. Атап айтар болсақ, қазіргі Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында демографиялық өсім өте жоғары. Сонымен қатар табиғаты тамаша, ауайы жұмсақ оңтүстік өңірге сырт жақтан қоныс аударып жатқандар саны күннен-күнге артып келеді. Бұл көңіл қуантарлық жағ-

"Серпін-2050" бағдарламасының басты міндеті – ең алдымен бәсекеге қабілетті мықты мамандар даярлау, ауылдағы жастарға қолжетімді сапалы білім беру. Жастарды серпілкен бұл бағдарламаның келешегі жақсы.

дай. Десе де бір қиын мәселенің туындауына әсер етуде. Бүгінде бұл облыстарда жұмыссыздық мәселесі белең алған. Әлеуметтік нысандар, үй мектеп, балабақша жетпейді. Аталмыш өңірдегі жоғары оқу орнын бітірген мамандардың дені жұмыссыз жүр. Еңбекпен қамтылмаған азамат-

тар санының көп болғанына байланысты мемлекеттік гранттар аз бөліне бастады. Ал, бұған керісінше еліміздің 8 облысында кадр тапшылығы өзекті мәселеге айналды. Оған басты себеп: бала туу деңгейінің төмендігі және сыртқа көшіп кету. Сол өңірлердегі өндіріс орындары еңбек

қолының жетіспеушілігінен мемлекеттік маңызы зор, халыққа қажетті істерді толыққанды жүзеге асыра алмай отыр. "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" атты әлеуметтік жоба осы үлкен істің шешіміне айналды.

Мемлекеттік бағдарлама аясында қажетті мамандарға жағдай жасалып, олардың тегін оқуына гранттар бөлінді. "Мәңгілік ел жастары индустрияға!" - "Серпін-2050" әлеуметтік жобасы бойынша 19 жоғары оқу орны, 49 колледжде 8 мыңнан астам студент білім алып жатса, биылғы жылы 24 жоғары оқу орны мен 30 колледж қатысуда. Сондай-ақ, биыл медицина саласы бойынша мамандық алуға мүмкіндік туды.

2016-2017ж. оқу жылында жоғарғы оқу орындарына 3162 грант, ал колледждерге 1050 грант бөлінген болатын. Мен білім алып жатқан қасиетті қара шаңырақ Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына "Мәңгілік ел – индустрияға!", "Серпін 2050" әлеуметтік жобасы бойынша биыл 155 талапкер қабылданды. Барлығы да жатақ орындарымен, арнайы мөлшердегі шәкіртақымен қамтамасыз етілген. Қазақстанның ертеңі, бүгінгі жастары сапалы білім алып, таңдаған мамандықтарының иесі болуды армандайды. Олар елден, ата-ана,

бауырдан жырақ кеттік деп мұңайып жүрген жоқ. Демек, қанатын енді ғана қаққан, жарқын болашаққа жаңа серпінмен ұмтылған жастарға дұрыс жол нұсқап, болашаққа жөн сілтеу – өз тарапымыздан елімізге тиер аз да болса үлес деп ойлаймын.

Еліміздегі дағдарысқа қарамастан мемлекет қаражатын аямай бізге назарын бөлгеніне мың алғыс. Ата-анамызға, отбасымызға көрсетіліп жатқан көмек көлемі айтпаса да белгілі. Сондықтан, "Серпін" қозғалысының мүшесі болуға әрқайсымыздың да ат салысуымыз қажет. Бізбен қатарлас болу әркімнің арманына айналмақ. Сан емес сапа маңызды болғандықтан барлығымыз аянбай жұмыс атқаруға міндеттіміз. Осы жобаға қатысқан жастар ерекше әсер алып, білімге деген құштарлығын арттырып қана қоймай патриоттық сезімдерін оятып, болашаққа нық сеніммен қарай түсті. Болашақ бүгіннен басталады. Ал біз болсақ алдыңғы ұрпақтың сенім артар жалынды жастарымыз. Бұны жадымызда әрқашан сақтауымыз қажет. Елім дейтін, жерім дейтін жігерлі жастар легі көбейе берсін! Еліміздің ертеңі – бүгінгі жастар.

Жансерік БАЙДЕНОВ,
Ыбырай Алтынсарин
атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының II-курс студенті.

● "ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!"

Болашақ
өз қолыңда

Ауыл – елдің алтын бесігі. Ауыл көркейсе – еліміздің көркейе түсетіндігі белгілі. Сондықтан бүгінгі таңда ауылды көркейтуге мемлекет тарапынан барынша назар аударылуда. Бұл мақсатқа жету үшін Елбасымыз 2009 жылы "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасын қабылдаған болатын. Содан бері жас мамандардың ауылдық жерге келіп еңбек етуіне бар жағдай жасалуда. Соның нәтижесінде, ауылға келген мамандардың қатары күн санап артып келеді. Сондай жастардың бірі – Бейбіт Хусаинов.

Бейбіт Базарбайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданында дүниеге келген. Ол 2011 жылы орта мектепті аяқтаған соң, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне оқуға түседі. Биыл оқуын ойдағыдай тәмамдап, еңбек жолын ауылдан бастауды ұйғарды. Сөйтіп, Қарасу ауданына келіп,



еңбек жолын бастады. Қазір Қарасу мемлекеттік тілде оқытатын негізгі мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Бейбіт – үйленген, өмірлік серігі Қарлығаш та аты аталған негізгі мектепте мұғалім.

– Өзім қалаған мамандықты игеріп, еңбек жолымды ауылдан бастағанымға өкінбеймін. Жағдайымыз жаман емес, жұрт қатарлы өмір сүріп жатырмыз, – дейді Бейбіт өз сөзінде.

Келесі кейіпкеріміз – Еркебұлан Шынтаеміров. Ол Аманкелді ауданының тумасы. 2012 жылы Ө. Боранбаев атындағы

орта мектепті аяқтап, З. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетіне оқуға түседі. Биыл жоғары оқу орнын тәмамдап, "Педагогика және психология" мамандығын игеріп шықты. Қазір жоғарыда аты аталған мектепте жұмыс істейді.

Жас маман еңбекке белсене араласып жатыр. Еңбекке деген талпынысы көңіл қуантады.

Біліммен
өзған заман

Қазіргі таңда Қазақстан мектептерінде қазақ тілімен қатар өзге тілді де үйренуге жол ашылған. Рудный индустриялық институтының "Қазақ тілінің жанашырлары" клубы институт мұражайында "Тіл – біздің тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз" атты интеллектуалдық ойындар сайысын ұйымдастырды.

Ойынға әртүрлі мамандық бойынша білім алып жатқан 4 топ қатысты. Ойынның басты мақсаты көптілділік білім беруді дамыту мен қолдау. Бүгінгі заманда тілді білу, білімді болу маңызды. Мұны жастар да жақсы түсініп алған. Ойын барысында студенттер орыс, ағылшын, өзбек, француз тілдерінен де қалыс емес екендерін көрсете білді. Онысымен қоса студенттер музыкалық аспаптарда ойнап, би билеп, ақын-

дық таланттарын да көрсетті.

Интеллектуалдық ойын қорытындысы бойынша "Алаш Орда" тобы – 1 орын, "Энерджи" тобы – 2 орын, "Ұлан" тобы – 3 орын және "Жалын" тобы – 4 орынға ие болды. Барлық студенттер мен қонақтарды тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Ж.Алпысбаев мерекелерімен құттықтап, қатысушыларды мақтау қағазымен марапаттады.

Рудный қаласы.

Еріктілер Астанаға
дайындалуда

"EXPO-2017" көрмесі – Халықаралық аренада еліміздің абыройын арттыратын салмақты шара. Қазақ елі үшін мол мүмкіндіктерге жол ашатын тарихи күнді барша ел тұрғындары, әсіресе жастар жағы тағатсыздана күтуде.

Салмақты шараға дайындық тиянақты. Шетелден келген делегаттарды жоғары деңгейде қарсы алып, қазақтың қонақжайлылығын көрсету үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оны мінсіз атқару үшін еріктілер корпусы жасақталуда. Облыстық жастар саясаты жөніндегі басқарма мұрындық болған кезекті басқосуда жастарға алдағы жоспар жайында түсіндіріліп, ақпарат берілді.

– Жастарға қойылатын басты талап, ынта-жігердің болуы. Олар бірігіп жұмыс істей алуы қажет. Үш тілді жетік білуі міндетті емес. Біз келер жылға дейін арнайы курстар өткізу арқылы еріктілердің білмей жатқан жерін үйретіп, көрмеге әзірлейміз. Қазір еріктілерді іріктеу шаралары басталады. Өтініш білдірген өрендер оқыту курстарынан өтпек. Маңызы зор шараға шамамен облыс көлемінен 100-120 ерікті тартылмақ. Астанаға дейін жол ақысын жергілікті әкімшілік төлесе, тамақ пен тұратын жерін шара ұйымдастырушылары көтереді. Мұның сыртында арнайы әңгімелесуден өтеді. Курстарды жергілікті жердің адамдары өткізеді, –

дейді басқарма басшысы Кенеш Әлімжанов.



Махаббат Қаспакова, студент:

– Курсқа сабақтан тыс уақытта келіп дайындалып жатырмыз. Көшбасшылық қасиет керек. Өзіңді ұстау, бір командада жұмыс істей білу, байсалдылық қабілеттері керек. Ақпаратты әлеуметтік желіден естіп, өзім келдім. Маңызды шараға барып, бәрін де көзіммен көріп, қатысқым келеді. Өзіме жаңалық ашып, таныстар тамамын деген ойдамын. Достарым да барады. Ағылшын тілін орташа деңгейде білемін. Келер жылы жазда кетеміз. Жол ақысы да, жатар орын да, тамағы да тегін.

Тұрсынай Құранбай, ҚМУ-дің студенті:

– Алдағы ЭКСПО-дан күтерім көп. Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде оқимын. Шет елден келген адамдармен таны-



сып, бәрін де көргім келеді. Өзімнің ішкі жан сарайымды толықтырып, елдегі маңызды шараға үлесімді қоссам деймін. Біздің міндетіміз бәрін ұйымдастырып, ерікті ретінде тегін жұмыс істеу. Мен үшін бұл мүмкіндік. Өзіме осындай шараларға белсенді түрде қатысқан ұнайды. Бару керек деп ақыл айтқандар көп.

Руслан Мұхтаров, студент:

– ЭКСПО-ға баруға болады дегенді естіп, қатысқым келді. Өзге елден келген жандармен танысып, достар тамамын. Біздерге тренинг ретінде



қазір курстар өтіп жатыр. Қостанай облысынан 100 бала барады екен. Ата-анам да қарсы емес. Апта сайын оқыту сабақтары өтсе көпті үйреніп алатыныма сенемін. Осыдан іріктеліп, қолынан іс келетіндер Астанаға аттанады.



**Жастар қосымшасының редакторы
Айтөлқын Айқадамова.**

● НӨМІРДЕН – НӨМІРГЕ

Ұлы Жыланшықтан

Арнайы экспедиция сапарынан жолжазба

Ғасыр уақыт өтсе де Торғайдағы халық қозғалысына әділ баға берілді деу қиын. Кеңестік саясат қазақ халқының әділетсіздікке қарсы бұлқынысын барынша бұрмалап, «саясиландырып» көрсетті. Ерлердің еңбегі бірдей бағаланбады, көтеріліске үлес қосқан көсемдер қызыл саясаттың салдарынан «алалауға» кетірілді, майданның рухани әрі қаржылай демеушісі болған дін өкілдері мен дәулетті адамдар жайлы мүлдем айтылмады. Сондықтан заманынан қиянат шеккен тұлғалардың рухына тағзым жасау – бүгінгі буынның парызы. Осы мақсатта құрылған «torgau expedition» тобы үлкен істі қолға алды. Топ ынталыларының жасақталуына Нұрдаулет Әкімжанов, Нұрлан Сапаров, Экспедицияның мінсіз жасақталуына Нұрдаулет Әкімжанов, Нұрлан Сапаров, Абылай Мирастәжітдинов, Сәбит Шакаев, Біржан Мешелов, Мирдос Әлімжанов, Абылай Медеубаевтар да үлес қосты. Сондай-ақ, тарих ғылымдарының кандидаты, торғайлық ғалым Құрманғали Дәрікенов, белгілі оюшы, өлкетанушы Шөптібай Бәйділдін, Құлсейіт Туғанбай, дәрігер маман, «Тұран ТВ» арнасының бағдарлама директоры Алтын Мейрамғалиева, операторы Жасұлан Үмбетбаев, «Қазақпарат» тілшісі Бақыт-жол Көкеш және осы жолдардың авторы топ құрамына кірді.

10-17 қыркүйек күндері Ақмола-Қарағанды-Қостанай облыстары аумағында 2500 шақырым жолды жүріп өткен экспедиция барысында көрген-түйгенімді ойлы оқырманмен бөлісуді жөн санадым. Сонымен....

ЕЛОРДАДАН ЕРЛІК МЕКЕНІНЕ

Экспедиция 10 қыркүйек күні таң алдында Астана қаласынан, «Бәйтерек» монументінің түбінен аттанды. Кейкі батырдың туған жеріне бет алған топ жайлы сол сәтте-ақ күллі әлемге ақпарат тарап жатты. Сол күні кеште Арқалықтағы дала өлкелік музейінде қала тұрғындарымен кездесу өтті. Көзі қарақты, жады мықты, шежіреші қарттармен тағылымды, мағлұматы мол сұхбат өрбіді.

Арқалық халқының сәт-сапар тілегін алып, 11 қыркүйек күні таңғы сағат 8-де жолға шықтық. Нөсер жаңбыр селдетіп, қара бұлт түнеріп, ызғырық жел өңмеңнен өтеді. Алайда, елдік пен ерлік жолында толарсақтан қан кешкен бабалардың рухына деген құрмет, тағзым, қиындықтан сескендіре қойған жоқ. 200 шақырымды артқа тастаған соң, аспан шайдай ашылып сала берді. Бағыт – Дулығалы мешіті...

жөнімен таратсақ, Иманнан Балық пен Үдербай туса, Амангелді Үдербайдың, Көшімбек Балықтың баласы. Ұзақ жылдар бойы Қайдауыл, Жыланшық, Қараторғай болысының ресми биі болған ол, әділдігімен, өжеттігімен танылған. Әкесінен ерте айрылған Амангелдіге қамқорлық жасап, азаматтық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен бірден бір кісі (Жазушы Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында ол жайлы жақсы жазылған). Жалпы биіктігі 5 метр, күмбезді, қызыл кірпіштен салынған Көшімбек бидің мазары 90 жылдан астам уақыт өтсе де жақсы сақталған. Экспедиция мүшелері өлке тарихында өзіндік орны бар тұлғаға дұға бағыштады. Көзін жұмғанша қоғам ісіне белсенді араласқан бидің өмірі мен қызметі жайлы сұхбат өрбіді.

Ал, Бегімбет алакөліндегі қорымда Амангелді Иманов екінші рет жерленген. Батырдың бәйбішесі Рәштің де сүйегі осында жатыр. Зираттың шетінде белгі қойылған. Мұнда да аялдап, құран оқып, одан әрі Кейкі батыр шаһид кешкен Жалаулыға бет түзедік.



лыдағы тас қойылған орында, оның жанындағы темірмен қоршалған тамда ешқандай сүйек жоқ. Кейкінің де, оның жұбайы Ақжан мен інісі Шұбардың да мәйіті қырдан өзенге құйылған жыраның бойына көмілген. Милициялардың ызғары марқұмдарды арулап жерлеуге де мүмкіндік бермеген», – дейді өлкетанушылар. Иә, Кейкі – теңдессіз батыр, құралайды көзге атар қолмерген! Кешегі ұлт-азаттық көтерілістің жанкешті жауынгері. Ұсынғаны қалт кетпеген сұрмергеннен қай жауы да сескенген, қорыққан. Сол үшін де тірісінде түк істей алмаған батырдың басын өлгесін Эрмитажға жөнелтті емес пе?!

Дулығалы барар сапарда есімі танымал Бектас бидің басына соға кеттік. Тоқпан Бектасты Торғай өңірінде білмейтін адам кемде кем. Бектастың асы қазақ даласындағы үлкен астардың бірі ретінде халық жадында сақталған. Баласы Бірәлі де мырза, діндар, көпшіл адам болған. Озбырлығымен аты шыққан Шашамбайдың Рахметіне де бел бермеген Бірәлі – Әліби Жанкелдин, Әбдіғапар хан, Амангелді Иманов, Кейкі батыр, ақын Мәтібай, Таңат Сейдахметпен және Дулығалы бойындағы ишандар әулетімен араласып тұрған. Амангелді Иманов батырдың көтерілісін қолдап, қаржы, ат беріп көмек көрсеткен. «Қыран қазасы қиядадағы» Ералы бай осы Бірәлі деп топшылауға негіз бар. Ақыры, атақты байдың өмірі аянышты аяқталған...

Бірәлі байдың 13 баласының үлкені Сұлтан – орысша сауатты, кешегі Торғайдағы Совдеп мүшесі, соғыс комиссары, Амангелді батырдың жеке сенімді серігі болған. Алайда, қатерлі сәтте Сардардың қасында жүрген, кейін төңкеріс ісіне белсене қатысқан тұлғаның есімін көпшілік біле бермейді. Тек Шөптібай Бәйділдін ғана мерзімді баспасөзде мақалалар жариялап жүр. Бұл деректер Кеңестік тарихта жазылғандай, 1916 жылғы көтерілістің кедей табының ғана дүрлігуі емес, жалпыұлттық дүмпу екенін көрсетеді. Әрине, ескі үкіметке үміт артып сатқындық жасап, патша билігіне ақпарат беріп отырған жандардың да болғанын жоққа шығармаймыз. Бірақ, ондай опасыздар қай заманда да кездеседі және бірен-саран болыстың теріс қылығы ұлт-азаттық көтерілістің жасампаз рухына көлеңке түсіре алмайды.

Қош, сапар әрі жалғасты. Жол талғамайтын көліктеріміз иен даланы көктей өтіп, қас қарая Дулығалы мешітіне де жақындадық.

ҰЛЫЛАР МЕКЕНІ – ҰЛЫТАУ

Дулығалыда бізді Байқоңыр ауылы, Қарсақбай, Ақтас, Жезді, Жезқазған мен Қарағандыдан келген арнайы делегация қарсы алды. Қарағанды облысының аумағына қарайтын бұл орын қазір елсіз. Алайда, ғасыр жарым бұрын Қазақстандағы үлкен рухани орталықтардың бірі болған. Мұндағы мешітті жергілікті халық кейде Бердікей, Терісбұтақ, Дулығалы, немесе Құлмұхаммед мешіті деп те атай береді. Орта Азия үлгісіндегі нысанның құрылысы 1906 жылы толық аяқталған. Оның іргетасын қалаған Қыпшақ ішіндегі Бердікей руынан шыққан Құлмұхаммед ишан Арыстанбайұлы. Ишандық мәртебе Құлмұхаммедтен бастап немересі Қазига дейін жалғасқан. Жергілікті халық бұл тұқымды ишандар әулеті деп құрмет тұтады.

ҰЛЫТАУҒА ҰЛЫ ЖЫЛАНШЫҚ БОЙЫМЕН

Біз Аманкелді ауданы, Үрпек ауылдық округіне қарасты аумақта орналасқан Обалы қопасындағы Балықұлы Көшімбек бидің кесенесіне аялдағанда, күн «шыбынсыз жаз» кейіпке еніп еді. Осы ретте Көшімбек би (1850-1925 ж.ж.) жайлы тоқтала кетсек. Шежіре

Кейкінің қалай көз жұмғаны жайлы өлкетанушы Шөптібай Бәйділдін мен Құлсейіт Туғанбай көнекөз қарттардан естігенін әсерлі етіп баяндап берді. Қанды оқиға 1923 жылдың сәуірінде, Сүтемгеннің Жәкенінің қыстауында болған. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін сақталған бұл үйдің қазір іргетасының орны ғана қалыпты.

Кейкінің қазасы ауыр әңгіме, ол жайлы қазір көп жазылып жүр әрі мақала көлемі көтермегендіктен, аз ғана ақпаратпен шектелуге тура келеді. «Бір анығы, Жалау-



Ұлытауға дейін



ҒАСЫРДЫҢ КӨЗІ, АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ...

Өзен аңғарында орналасқан, тоғыз күмбезі бар, еңселі ғимаратта оқылған азан табиғи акустикамен Айыркұм бойына (Жанкелдин ауданына қарасты қоныс) дейін жеткен екен. Ат жетер жердегі халық жұма намазын осы мешітте оқыған. Қазір қабырғалары мен бір мұнарасы сақталған. Қыр басына орналасқан, сырты қызыл кірпіштен өрілген еңселі ғимарат алыстан көзге шалынады. Қасында қорым жалғасып жатыр. Сәулет өнерінің ерекше туындысы бейне ертегідегі көне шахардай, тау сілеміндей көлбеңдейді. Жақындаған сайын тіпті зорая түсті. Ашық аспан астында азан үні естілетіндей... Мешіт пен мазарлар тылсым тыныштық құшағында, мәңгілікпен тілдесіп тұрғандай әсер береді.

Дулығалы мешітінің 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісте алар маңызы зор. Халық атқа мініп, Амангелдіні сардар сайлаған уақытта ишандар әулеті де қостап, батырға бата беріпті. Бұл азаттық майданының қазақтан шыққан дін өкілдерінен қолдау тапқандығын көрсетеді. (Қалың әскер Торғайды шабуға оқталғанда әйгілі Оспан қожа әулиенің бата бергенін еске алыңыз).

Иман батыр ұрпағы мен Бердікейлердің тонның ішкі бауындай жақындасуына бірнеше жәйттер себеп. Батырдың анасы Қалампыр ишандар әулетінен. Сардар бала күнінде осы жерде мұсылманша сауат ашқан екен. Мешіттің қасындағы 24 бөлмелі медресе болған. Бұл діни оқу орны жайлы 2013 жылы шыққан «Торғай Елі» энциклопедиясында кеңінен баяндалады.



Міне, осынау киелі жерде келелі кеңес өрбіді. Торғай мен Ұлытау өңірінің тамыры тереңге кеткен рухани байланысы сөз болды. Ұлы Жыланшық пен Ұлытау халқының ежелден төсекте басы, төскейде малы қосылған аралас-құраластығы айтылды. Мысалы, бәйбішесі Рәш дүние салғаннан кейін Амангелді батырдың қалауы Ұлытаудағы наймандардың қызы Балым анамызға түскені белгілі. Иман батыр мен аталары Уәйістің достығын ескерген ел ағалары қарсылық айтпай, сол уақытта (1918 жылы) 45-ке келген Амангелдіге отыз жастай кіші Балымды барша сән-салтанатымен ұзатады. Мәжіліске келген рулас, туыстары Балым анамыздың тағдыры, тараған ұрпақтары жайлы деректерімен бөлісті. Ишандардың қасиеті, елге тиген шапағаты, киелі мекеннің келешегі жайлы толғамдар айтылды.

Тағы бір дерек, Амангелді батырдың ағасы Бектепберген ұстадан бауырына салған қызы Мәкен жайлы. Мәкен Амангелдіқызы Иманова көтеріліске қатысқан сарбаз ретінде үкіметтен қашан өмірден өткенше зейнетақы алып тұрған адам. Тектінің тұяғын Қазі ишан інісі Қырғызбайға алып береді. Олардың қызы Зұбайрадан тараған ұл-қыз бүгінде Ұлытау аумағында. Сондай-ақ, Бектепбергенқызы Шәйгүлден туған Үржәмила, Базыл, Базыкеннің де ұрпақтары осы өңірде өмір сүріп жатыр. Бұл жайлы М.Төрегелдин атындағы Жезді музейінің директоры (белгілі қайраткер М.Төрегелдиннің жұбайы) Зейпін Зікірқызы Қазанбаева кеңінен баяндап берді.

ЖҮЗ ЖЫЛДАН СОҢ ШАЛЫНҒАН ҚҰРБАНДЫҚ

12 қыркүйек күні қасиетті Дулығалы мешіті алдында айт намазы оқылды. Алпыстан астам адам сапқа тұрып, рәсімге қатысты! Елсіздегі мешіттің қасына кісі қарасы көп жиналмағалы қашан...

Осыдан жүз жыл бұрын елдікке, теңдікке ұмтылған бабаларымыз қасиетті қоныс деп Дулығалы мешітіне келіп бас қосып, «бозқасқа» шалған екен! Сонда сойылған қошқардың басы Құлмұхаммед пен Қазі ишанның кесенесінде әлі сақтаулы. Мүйізі шабылмаған, шүйдесі ойылмаған. Ай мүйізі екі иірілген, кішігірім арқардан кем емес, ірі малдың басы екен. Қасында одан сәл шағындау тағы бір бас тұр. «Бұл – жазалаушы әскерді кері шегіндіріп, рухы өскен сарбаздардың жеңіс тойына сойылған «бозқасқа», – дейді Дулығалының байырғы тұрғындары. Қос бірдей ишан жерленген мазардағы киелі жәдігерге имене қол тигіздік. Көлеңке жерде сақталғандықтан да болар, салмақты!



Дулығалыда түйіскен делегация құрбандыққа сойылған ірі қараның басын екі қошқардың қасына қоюға ұйғарым жасады. Ишандар рухына тағзым жасап, жергілікті ақсақалдардың жол бастауымен Қойлыбай әулиенің басына қарай бағыт алдық. Атағы аңыз болған Қойлыбайдың басына тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көрнекті мазар салыныпты.

Құрбан айттың алғашқы күніндегі іс-шаралар легі мешіттің алдында шағын жиынмен жалғасын тапты. Жезқазған қалалық мемлекеттік мұрағатының басшысы Бағдат Байжантаев «Қасиеті биік қарт Ұлытау» атты өлеңін оқыса, «Өр Торғай – ерлік мекені» экспедициясы атынан Шәптібай Бәйділдин аманкелділік ақын Молда-тай Жапаровтың рухты жырларын тарту етті. Ишандар әулетінің атынан Мәжит Бірмағанбетов (Қазі ишанның немересі) сөз сөйлеп, Ұлытау өңірі мен Торғай жұртының арасына алтын көпір болып жүрген Жомарт Түбекбайұлына алғыс білдірді. Ағайындар бір-біріне тарту-таралғыларын ұсынды. Сөз арасында ұлытаулықтар Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың құрметіне Ұлытау-Торғай-Тоқырауын бойымен «Қыр баласы жүрген жолдармен» атты 3,5 мың шақырымдық экспедиция жасақталып жатқанын тілге тиек етті. «Біздің ұстаным – «тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген Әлихан атамның ұстанымы. Өлекеңнің қос қанаты болған Ахмет пен Міржақып туған топыраққа тағзым ету – азаматтық парызымыз. Осы мақсатта «достық альбомын» ала шықтық. 25 жылдықтың құрметіне оған 25 мың адамның қолын жинамақпыз», – дейді Зейпін Зікірқызы. Бұл альбомға біздің де қолтаңбамыз түсті. Одан әрі музей қызметкерлері дайындаған көріністі тамашаладық.

Дулығалы мешітіне қабырғалас үлкен көрме жайылып, ұстахана орналастырылған. Ақпараттық стендтерге 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жайлы мәліметтер орналастырыпты.

«Жезқазған – кенді өлке. Бұл аймақта біздің заманымызға дейін де темір мен мыс өндірілген. Ол деректі қазақтың ертегілерінен де кездестіресіз. Өңірде мыңдаған



далалық ұстаханалар болған. Оларда азаттық шайқасына арналып қару соғылған. Бұл жерде Бектепберген ұстаның да ізі қалған», – деп асқақ рухпен баяндайды Бағдат ақын. «Өр Торғай – ерлік мекені» экспедициясына ежелгі қарулардың қалай соғылғаны көрсетіліп, әсерлі болуы үшін жолбасшымыз Жомарт Түбекбайұлы естелік-рәсім ретінде қорытпаны қалыпқа құйды. Қиын уақытта халыққа қат бұйымдар соғылған ескі көріктің де орнын көрдік.

«Киелі жер иесіз болмайды». Малға қолайлы, жері құнарлы Дулығалыға қайтадан ел қоныстанып, құт қоныс» деген ниетпен, құрбандыққа шалынған малдың етінен дәм татып, Ұлытаудың ұлағатты ұл-қыздарымен қимай қоштасып, Рахмет даласына бет түзедік...

Арқаның адырлы даласы, жусанды жондарында жүйткіп келеміз...

БЕКЗАТТАРҒА ҚОЙЫЛҒАН БЕЛГІ

«Белгі бекзаттан қалады» дейді қазақ мақалы. Рас сөз. Бірақ, «қарағай басын шортан шалған қилы күн» туса, неше бекзат тусаң да, белгі қалдырмайтын кезі болады екен. Арыстандай ақырып, айбарына жан шыдатпаған Кейкі мергеннің шала көміліп, жауынгерлерге де, жаңа үкіметке де жүздеп жылқысын тегін берген атақты мырза Бірәлі байдың ақыры бір үзім нанға күні қарап өлгеніне кім кінәлі? Ең оңай да дұрыс жауап – «заманы кінәлі». Ал, аталарымыз аңсаған азаттық орнағанда, солардың рухына лайықты құрмет көрсете алмасақ кім жауапты?...

«Өр Торғай – ерлік мекені» экспедициясының негізгі діндеген мақсатының бірі – Кейкі батырдың туған жері мен Әбдіғапар ханның қаны төгілген орынға белгі қою еді.

13-ші қыркүйектегі сапарымыз Байтума мен Зәуре қопасына бағытталды. Жолай Рахмет болыстың қонысына табан тіредік. «Рахмет Шашамбайұлы – қазақтағы үш правительдің бірі болған» дейді ел аузындағы аңыз. Бұл ақиқатын індетуді қажет ететін дерек, әйтсе де, оның билік иесі, болыс болғаны ақиқат. Биліктің буымен маңайына тізесін батырған озбырлығы да жұрт жадында. Бірақ, қалай десек те, өлке тарихында аты қалған тұлға. 28 бөлмелі үлкен қызыл үйдің бұрыштары, бөлмелерінің орны әлі тұр. Күйдірілген жалпақ кесектерінің сыны кетпегендігі таңғалдырды. Бұл үйде өз заманының небір мықтылары, зиялылары түстеніп, мәжіліс құрғаны анық. 19 ғасырда мұндай материал дайындап, үй сала білуі – көшкінші халықтың төңкеріске киіз туырлықпен келмегенін көрсетсе керек. Ұлы Жыланшық бойын мекендеген қазақтар сәулет өнері мен құрылыстан хабардар болған. Оған Зілқара бай мен Қарабайдың бейітіне барғанда көзіміз анық жете түсті. Еңселі, сәулетті, биік, небір түрлі өрнекпен қаланған қос мазардың қасында, кірпіш дайындаған «дала зауытының» орны жатыр. Қолымнан келгенше ұқсатып, қағазға түсіріп алдым. Жерден қазылып, арасына жалын шығатын қуыс тастай отырып қаланған пештің ұзындығы түрліше келетін көрінеді. «Осындай орындарда бір мезетте 20 мың кірпішке дейін күйдірілген. Бала күнімде әкемнен талай естідім», – дейді сапарласымыз Шәптібай аға.

Абылай МАУДАНОВ,
тележурналшы, «Өр Торғай – ерлік мекені»
экспедициясының мүшесі.

(Жалғасы газеттің келесі санында)

Елінің, жерінің тарихымен, ондағы өзекті мәселелермен айналысу – әрбір саналы азаматқа тән қасиет. Туған өлке Торғайдың алып келбеті сырына қанған сайын менің көз алдымда, көкірегімде, санамда толыға, қырлана, байып, сомдала түсті. Күнбе күнгі зерттеу мен зерделеу нәтижелері бұл сезім легін ешбір толатастқан жоқ. Күні бүгін біраз мәселенің басы ашылып, кейбір қорытындылар жасауға болатындай. Соның бета-шары ретінде оқушы қауымға осы мақаламды ұсынуды жөн көрдім.

Торғай өлкесінде – батысы Оңтүстік Оралға және Мұғаджар тауына, шығысы Сарыарқаға, солтүстігі Батыс Сібір жазығына, оңтүстігі Шалқар Теңіз ойпатына жалғасқан, ұзындығы 630 км, ені 300 км шамасында Торғай үстірті (Тургайское плато) бар. Онда Оңтүстік Оралдан Сарыарқаға дейін созылған Торғай ойпаңы (Тургайская ложбина). Оны қақ жарып, Батыс Сібір және Тұран ойпаттарын жалғастырушы, ұзындығы 800 км, ені 20-75 км – Торғай қолтағы – Торғай аңғары жатыр. Онда Мұғалжар мен Сарыарқа аралығын, Қостанай белінен Арал теңізіне дейінгі аймақты алып жатқан, жер асты сулы өңір – Торғай артезиан алабы бар. Кенді аймақтар: Торғай боксит кеніші, Торғай көмір бассейні, Торғай темір белдеуі және Торғай мұнайы жатыр. Сондықтан да, 1868 жылы, осы өлкеде ашылған облыс – Торғай облысы деп аталды. Ол солтүстік ендіктің 45°-55° параллельдері мен шығыс бойлықтың 54°-67° меридиандары аралығында орналасты. Сондықтан да, екінші рет осы аймақта 1970 жылы ашылған облысқа тағы да Торғай есімі берілді. Торғай өлкесі түсінігіне осылардың бәрі де, табиғи да, тарихи да негіздерде, заңды түрде кіреді.

Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет бойынша: "төрткүл" сөзі, біріншіден – "төртбұрышты", екіншіден – "қамал", үшіншіден – "қалашық" (ежелгі адамдардың құлаған тұрақтары), деген мағынаны білдіреді. Тарих ғылымдарының кандидаты Марат Тұяқбаев "Төрткіл – төрт бұрышты үй" деп, Уикипедияның бірінші анықтамасын толықтырған. Сонда бұл сөздің төркіні – түріктерден шыққан және оны өздеріне алғашқы баспана үй тұрғызғанда осы сөзді қолдана бастаған. Соңғы археологиялық ғылыми жаңалықтар бойынша, біздің ежелгі-түрік (прототүрік) бабаларымыз ежелгі дәуірде осы Оңтүстік Орал – Солтүстік Қазақстан (Торғай), яғни Торғай өлкесі аймағында өсіп-өніп, бұл аймақты жергілікті, үзіліссіз, сабақтас игеріп, адамзаттың ежелгі заманының алдыңғы қатарлы өркениетін жасап, оны өздерімен бірге бүкіл Еуразияға таратқаны белгілі болып отыр. Торғай өлкесінде олардан қалған ежелгі дәуір мәдениеттері, іздері өте бай, жеткілікті. Солардың ішінде ежелгі дәуірдегі прототүрік бабаларымыздың өздеріне баспана жасауды неден бастап, төрт бұрышты үй – төрткүлге қалай, қашан, қайда қолдары жеткенін, археологиялық деректерден байқауға болады. Олар үшін от қандай қасиетті болса, баспана үй төрткүл де сондай қасиетті орын болып саналды.

Торғай өлкесінің Оңтүстік Орал беткейіндегі мезолиттік (б.з.д. 11-9 мың жыл) тұрақ – Янгелькада (Янгель мәдениеті) қазандығымен, ұзындығы 16 метр, ені 6-метр үлкен үй табылды. Торғай ойпатындағы мезолиттік тұрақ Тельманов 7-де, Тельманов 9-да (Атбасар мәдениеті) – тереңдігі 0,4 метрде – жер бетінде ағаш тіреулерден тұрғызылған баспананың орнында, тіреулердің шірігеннен кейінгі қуыс шұңқырлары табылған. Жекелеген баспанада – бірнеше ондаған, ал кей біреулерінде – 200-300 баған – тіреулерге дейін пайдаланған. Әрине, бұндай баспаналардың саны, тараған аймағы, басқа археологиялық деректерге қарағанда, бұдан көп болуы мүмкін, дегенмен осы фактілердің өзі Торғай өлкесіндегі ежелгі адамдар мезолиттен бастап ағаш, тағы басқа материалдардан үй секілді баспаналар тұрғыза бастаған деп есептейді ғалымдар.

Неолит – жаңа тас дәуірі. Неолит (б.з.д. 7-5 мың жыл) адамдары уақытша пана-лайтын үй жайлардан басқа түпкілікті тұра-

тын жартылай жер үйлер де тұрғыза бастады. Осы дәуірге жататын Ботай тұрағы жұмыс жасап тұрған уақытта, онда 200-300 ден артық жер үй-жайлар салынған. Үйлер, негізінен бір-біріне жақын, топтаса, кейде қабырғалары жалғаса салынған. Осы мәдениетті зерттеуші археолог В.Ф.Зайберт – үйлердің дөңгелек және көпбұрышты түрлерінің мезолит-неолит дәуірлерінен бастап көріне бастағанымен қатар, энеолиттен бастап – тек қана осы мәдениет аймағына төн ерекшелікке: үйді саз балшықтан салудың технологиясын пайдаланғанына көңіл аударған. Бұл деңгейіңіз, Торғай өлкесінде, неолиттен бастап, үй салу ісі жетіле түскенін, жер-гілікті экологиялық жағдайға байланысты өмірдің өзі тудырған – далалық архитектураның дамығанының айқын белгілері. Кейіннен күллі Еуразияға тараған далалық сазбалшықтық архитектураның алғашқы бесігі – Ботай мәдениеті екенін ғалымдар анықтап отыр. Ал Энеолит (б.з.д. 6-5 мың жыл) – бұрынғы неолитке дейінгі ана-

лық рулық қарым-қатынастың аталыққа толық ауысқан, ежелгі адамдардың тасты пайдаланудан металлға өту кезеңі және Торғай өлкесінде Түрік мемлекеті көріне бастағанының белгілері айқын біліне бастаған кезең екенін біздің ғалымдар дәлелдеді.

Торғай өлкесіндегі Әулиекөл ауданындағы ерте энеолит (б.з.д. 5 мың жыл) дәуіріне жататын Бестамақ тұрағындағы ертедегі ауылдың құрылыстары өте тығыз, тұрғын жайлар көбінесе бір-біріне жалғасып, өзінше бір топ құрып орналасқан. Мұндай құрылыстар топтары 30 гектарға дейін жетеді. Олардың ішінен белгілі бір жүйені байқауға болады: ені 4-8 м болатын, ал ұзындығы 50 метрге дейін жететін қос көшелердің екі жағына 15-16 үйге дейін салынған. Тұрғын жайлар (үйлер) салғанда алдымен тереңдігі бір метрге дейін және көлемі 20 шаршы метрден 70 шаршы метрге дейін жететін төрт және үш бұрыш түрінде шұңқыр қазылған. Қазу кезінде шығарылған балшық шұңқыр жиіктеріне биіктігі 1 метрдей дуал етіп үйілген. Осылайша салынған қабырғаларға төбесі тарыла беретін шеген түрінде бағаналар қаланған. Осылайша жасалған күмбез бұтақтармен және шым қабаттарымен жабылып, бұл орайда ортасынан түтін шығатын тесік қалдырылған.

Торғай өлкесінің Оралдың оңтүстік шығысындағы Ақеділ мәдениетінің (кейінгі неолит пен энеолит, б.з.д. V - III - мың жылдар) ежелгі адамдары негізінен Ик, Дема өзендері аралығындағы және Ақеділ (орысша Белая) өзені бойындағы орманды-далалық және далалық бөліктерінде орналасқан. Тұрақтары еңістік жағаларындағы биік жарқабақтарда орналасқан. Үй-жай үшін жер бетінде бөренелерден жасалған, тікбұрышты құрлыстар пайдаланылған.

Торғай өлкесінің Оңтүстік Орал шығысындағы энеолиттік ескерткіштерге Березки, Мұрат, Банное II, Кусимовская т.б. поселкалардағы Шортанды типіне жататын мәдениет ескерткіштері (б.з.д. 5-3 мың жылдан – біздің жаңа жыл санауымызға дейін) кіреді. Шортанды мәдениетінің тұрақтары көбінесе көл жағаларындағы аласа жарларда орналасқан жартылай жеруілерден және де ошақтары, нарлары және қабырғалары бар жер үйлерден тұрған. Қабырғалары тас плиталармен нығайтылған, төбелері сырғауыл тастамаларымен жабылған.

Осыған дейінгі Торғай өлкесіндегі
өжелгі дәуір адамдарының өздеріне бас-
пана салу эволюциясында жәй қарапай-
ым түрлерінен бірте-бірте күрделіге
ауысып, үйлердің экологиялық жағдайға

байланысты тиімді көлемі мен түр формалары, оларды ауылда көше секілді тәртіпке бейімдеп орналастыруы және құрлысты салудың технологиясы, барлық жағынан жетіле түскенін байқаймыз.

Қазіргі Қостанай облысының көлемінде (2006ж.) ежелгі Торғай өлкесінің қола дәуірлік (б.з.д. 4-1 мың жыл) ескерткіштерінен 30-ға жуық ежелгі заман адамдары тұрақтары, 17 оба-қорымдар есепте тұрады. Олардан басқа 140-тың үстінде табылған, есепке кірген мәдени ескерткіштер, өкінішке орай, зерттеу жұмысының жеткіліксіздігінен – қай мезгілдікі екендігі "белгісіздер" қатарында – орысша "без датировки" тұр. Зерттелген тұрақ үйлер ауданы 25-100 кв.м. жартылай жеркепелер болған.

Археологиялық деректер андроновтық тұрғындардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүргенін көрсетеді. Қоныстарын – өзендердің жайпақ жағасына, кең жайылмаға, мүйіске, кейде көл маңына салды. Қоныстар 6-10 үйден, үлкендері 20

үйден болған. Тұрғын үйлері жартылай жеркелер мен жер бетіндегі үйлерден тұрды. Жартылай жеркелер дәліз сияқты шығар аузы бар тік бұрышты, сопақ және сегіздік тәрізді салынды. Қабырғаларды бойлай тік бағандар орнатылды, арасына ағаштар немесе шарбақтар қойылып, балшықпен сыланған. Тұрғын үйлер аумағы 100 шаршы метрден 300-400 шаршы метрге дейін жетті.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде ру ыдырап, одан жеке отбасы шаруашылықтары бөлініп шықты, айырбас кең өріс алды. Патриархаттық отбасылардың үйлері үлкен жер төбелер болды; олардың жанынан әртүрлі шаруашылық жайлар мен мал қамайтын қашарлар салынды. Бұл қоныс-мекендерге мал бағу кәсібі едәуір басым малшылық-егіншілік шаруашылығының кешенді сипаты тән болды.

Біз осыған дейін белгілі болған археологиялық материалдар бойынша, Торғай өлкесінде ежелгі адамдардың баспана салып, үй тұрғызудағы даму жолымен таныстық, қарапайым баспанадан жартылай жеркепеге, одан жер бетіндегі үйге көшкенін байқадық, ал қола дәуіріндегі андронов мәдениетінде жер бетінде салынған жеке үйден қалған "үлкен жер төбемен" де кездесіп отырмыз.

Ә.Х. Марғұлан өзінің "Отчет о работах Центральной археологической экспедиции" деген мақаласында былай деп жазады: "Бұл жерде көне... қонысы кішкене төбешіктер немесе қорғандар (төбе) және төртбұрыштар (төрткүл) түрінде келеді. Сонымен қатар Төрткүл шын мәнінде төрт бұрышты болып келеді. ...Көлемі жағынан аса үлкен емес төрткүлдер осы керуен жолдарының ізі болып табылады". Бұл айтылғандарға қосарымыз қарақалпақ тілінде Төрткүл көне бекіністің қираған, құлаған орны" дегенді білдіреді дейді М.Тұяқбаев (Тарих ғалымдарының кандидаты Марат Тұяқбаев "Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XVIII-XIX вв.).

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: "төрткүл" сөзі әуелде "төртбұрышты үй" түсінігін білдіретін сөз ретінде пайда болғанымен, өзінің формасын қалдырып, адамзат өркениеті дамуы барысында уақыт өткен сайын өзінің мағынасын кеңейте берген; "төрткүл" сөзі шамасы түркі тектес халықтарда қола дәуірінде рулардан жеке отбасы шаруашылықтары бөлініп шығып, айырбас кең өріс алып, патриархаттық отбасылардың үйлері үлкен жер төбелер пайда бола бастаған кезден бастап қолданыла бастаған болуы екітimal; "төрткүл" – жеке сөз ретінде ежелгі адамдардың жеке отбасыларының

үйлерінің, одан олардың бірлесіп тұратын мекен-жайлары бекіністерінің, кейін олар қирап құлағанда орнында қалған төбешіктердің аттарын атауға қолданылатын болған; "төрткүл" – уақыт өте ежелгі заманнан қалған осындай мәдени ескерткіш – қираған төбешіктердің, бекіністердің, "протокала" – "ежелгі қалалардың" көп жиналған жерлерін – жол бойында болса – "төрткүл іздері", белгілі бір өлкеде болса – "төрткүл өлкесі" мағынасында яғни аймақ, өлкенің балама атауы ретінде қолданатын болған. Қазақ ССР-ның 1980 жылы шыққан энциклопедиялық анықтамасында ғалымдар оны "Торғайдың төрткүлді өлкесі", "Торғай төрткүлдік өлкесі" деп атайды. Бұндағы басты себеп, бұл өлкенің өн бойында осы сөздің біз жоғарыда көрсеткендей мағыналарына балама болатын ежелгі дәуір мәдени ескерткіштері – төрткүлдер, біз жоғарыда танысқанымыздай, тұнып тұрғандығында. Андронов мәдениетінің бірінші кезеңі – орта қола дәуірінде (б.з.д. 3,5 мың жыл) Торғай өлкесі тұрғындары Петров мәдениетін жасады, онда олар дүниежүзінде бірінші болып сол кездегі цивилизацияның негізгі болып саналатын "протокалалар": Әуликөкөл II, Камышное I, Конезавод III, Қамысты, Боголюбово I, Петровка II, Новоникольское I, Амангелді I, Кипель атты "алғашқы қалаларды" салды. Олардың бәрі кейінгі заманда ежелгі дәуір бекіністерінен қалған төбелерге айналып, прототүрік бабаларымыз оларды "төрткүл" деп атады. Осы Петров мәдениеті негізінде Торғай өлкесінде, біздің прототүрік бабаларымыз атышулы Сынтасты мәдениетін, іле Арқайым мәдениетін жасап, Торғай бұғазының солтүсік батыс жағалауының 400 шақырымнан аса өн бойында 22 "протокала" – "алғашқы қалаларды" қамалдарды тұрғызды. Бұл өлкенің – дүниежүзілік өркениеттің орталығы екендігін шет елдік те, отандық та ғалымдар баяғыдан айтып келген болатын. Енді "қалалар елі" ашылғаннан кейін, бұл өлкенің – бүкіл дүниежүзі халықтарының ежелгі мәдени өркениетінің алтын бесігі екендігі барлық жағынан дәлелденіп, қазір шындық – аксиомаға айналды. Тек осы жерде мынаны атап өту керек. Бұл өркениеттің қазіргі ғылыми адресі бұрынғыша – "Орал-Қазақстан (Торғай)" – деп аталады, әрине географиялық-әкімшілік орны бойынша ол да дұрыс. Бірақ та бұл өлкенің геоморфологиялық құрылым болып қалыптасу тарихы тұтас табиғи бір аймақ екендігін, оның атын ғалымдар қашаннан Торғай өлкесі деп атайтыны белгілі.

Бұлардан басқа көптеген төрткүл бекіністер уақыт өте жер астына кетті, жоғалды. Мысалы Торғай өзенінің жоғарғы ағысы мен Арғанаты тауларынан Н.П.Рычков... 1771 жылы көне қала мен ежелгі құрылыс қирандыларын ашқан болатын. Оның жазбаларына қарағанда, қала орман, жалмен қоршалған бекініс болып табылады: ол "төрт бұрышты замок іспеттес... Шығыс жағынан өлі күнге дейін ағаш қақпалардың орны келініп тұр", қақпа бекініс ішіне қарай жолды бастайды. Бұрынғы тереңдігін жоғалтқан әрі қазіргі күні жайылып кеткен жал мен орбұл орның көнелігін хабарлап етеді" — деп жазған болатын. Сол секілді, И.П.Шангин Торғайдың Есіл өзені алабында орналасқан бекіністі құрылыстар мен қоныстарды, Есілге құятын Ақжырақ өзенінен алты ежелгі бекіністі кездестірген. Өкінішке орай қазір бұлардың ізі де қалмаған.

Қостанай облысы энциклопедиясында (2006 жылғы) археологиялық ескерткіштер көптеп тараған аудандар ретінде облыс көлемінде жеті жерге белгі қойылған, оның алтауы оңтүстікте Торғай өзені, оның Ұлытаудан басталатын салалары Қараторғай, Сарыторғай өзендері бойында орналасқан, яғни ежелгі адамдардың ежелгі заманда бұл өңірді ең жақсы игергендігі туралы іздері әлі де болса сақталған. Бірақ та, өкінішке орай, қазіргі заманда бұл жерлер шалғайда қалған, басқа өңірлерге қарағанда аз зерттелген. Дегенмен, ол жерлер келесі ұрпаққа әлі де беретін рухани сыры да және табиғи жер асты, жер үсті байлығы да мол өлке.

Кеңесбек МӘУЛЕТҰЛЫ,
өлкетанушы ғалым.

Астана қаласы.

"Ардагерлерді ардақтайық"

"Ардагерлерді ардақтайық" жобасы аясында "Нұр Отан" партиясының Қостанай облыстық филиалы және облыстық Қазақстан халықтар Ассамблеясы ардагерлер мен зейнеткерлерге мерекеге орай тегін спектакль көрсетілімін ұйымдастырды.

Қойылымды тамашалауға 200-ден астам ардагер келді. Олардың қатарында өңірді дамытуға өз үлестерін қосқан қаланың құрметті азаматтары, еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері бар.

Айта кету керек, спектакль ешкімді бей-жай қалдырған жоқ. Залдан шықпай жатып, ардагерлер партиялықтарға мәдени демалуға мүмкіндік бергені үшін алғыстарын айтты, өйткені осындай "мәдени демалысты" ардагерлер жиі жасауға мүмкіндіктері жоқ екенін атап өтті.



"Нұр Отан" партиясы Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғазиз Бекмұхамедов ардагерлерге ерлігі мен төзімділігі, бүгінгі жарқын болашақ үшін алғысын білдіріп, мерекемен құттықтап, оларға мықты денсаулық және


ұзақ ғұмыр тіледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ардагерлерге арналған осындай спектакльдер алдағы уақытта І.Омаров атындағы Қазақ драма театрында ұйымдастырылады деп жоспарлануда.

ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой-60!

Науырзым ауданы, Қараменді селосында тұратын ардақты әкеміз **ШЕНЕНОВ Құрманғазы Кенжебайұлын** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Анамыз екеуіңіз бірге жасап, жүзіңізден күлкі, басыңыздан бақ кетпесін. Алпыс жасың, әкешім құтты болсын, Денсаулығың әрқашан мықты болсын. Әр таңың арайлап атып, Өмірің шаттық пенен нұрға толсын. **Тілек білдірушілер: ұл-қыздары, күйеу балалары және немерелері – Дильназ Аружан, Анель, Жансезім, Аяулым, Мансұр, Бекзат.**



«ҚОСТАНАЙ ТАҒЫ» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:

**54-73-36; 54-33-22;
54-99-69**

Операция нәтижесі ойдағыдай

ОІІД баспасөз қызметі өткізген брифингте жергілікті полиция қызметінің өкілі полиция подполковнигі **Анатолий Чуйко "Нәлдік төзімділік" операциясының қорытындысын жария етті.**

Екі күнде төртіп сақшылары 800-ден астам құқық бұзушылықты анықтады. "Жергілікті полиция өз қызметінде ұсақ құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу және бұл іске жұртшылықты қатыстыру мақсатын көздейді", – дейді А.Чуйко.

28-30 қыркүйек аралығында жергілікті полицейлер қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктер ішудің 117 фактісін, ұсақ бұзақылықтың 84 фактісін тіркеді. 35 адам иттерді ұстау ережесін, ал 20 қостанайлық көршілерінің тыныштығын бұзғаны үшін, 31 адам қоғамдық орындарда темекі тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Түнгі уақытта үлкендердің қарауынсыз жүрген 30-дан астам жасөспірім ұсталды.

Жергілікті полицейлер жолдағы төртіпті де қатаң қадағалады. Екі күнде 73 жүргізуші жылдамдықты асырып, 77-сі қауіпсіздік белдігін тақпай, 52-сі көлік жүргізгенде ұялы телефонмен сөйлесіп, төртіп сақшыларының назарына ілікті. 23 жүргізуші мас болып көлік жүргізгені үшін жүргізушілік куәліктен айырылды. Көшеден белгіленбеген жерден өткен 48 жүргінші жауапқа тартылды.

Төртіпті нығайту мақсатында

"Учаске" жедел-алдын алу шарасы басталғалы жергілікті полиция қызметкерлері 700 жалдамалы пәтерді тексерді.

Мақсатты шараның барысында ішкі істер органдарының есебінде тұрғандарға ерекше назар аударылды. Полицейлер үйлер мен саяжай үйлерін, пәтерлерді тексерді. Полиция подполковнигі А.Чуйконың айтуынша, жергілікті полицейлер 1 қыркүйектен бері 9 мың саяжай үйін, 700 жалдамалы пәтерді тексеріп, белгілі бір тұрағы жоқ 55 адамды ұстаған. 8 адам қабылдау-тарату орнына жіберілді. Осы операцияның барысында тіркелмеген 14 атыс қаруы тәркіленді. Ішкі істер органдарының есебіне қосымша 663 адам қойылды. Полицейлер төртіпті нығайту мақсатында 1 желтоқсанға дейін барлық тұрғын үйлерді тексеріп шықпақ.

Героин тәркіленді

Қостанай қаласы ІІБ есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы қызметкерлері есірткіні аса ірі көлемде сатумен айналысқан 37 жастағы әйелді ұстады. Коттедждің сыртындағы әжетханадан героин салынған шұлық табылды. Аталмыш факті бойынша қылмыстық іс қозғалды.

30 қыркүйек күні Гвардейская көшесінде күдіктінің отбасы тұратын үйді тінту кезінде төртіп сақшылары 150 грамм героин тапты. Ұсталған әйел есірткіні тауып алғанын айтып, ақталды. Ол бұрын сотталмаған, есірткі тұтынбайды. Қазіргі уақытта ол уақытша ұстау изоляторына қамалды. Соталды тергеу жүргізілуде.

Дін өкілдері қарттар үйіне барды

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қостанай облысы бойынша өкіл имамы, Қостанай қалалық "Марал ишан" мешітінің Бас имамы Бақытбек Тәжімбет, Зекет қорының басшысы Жақсылық Ғайсин мен Рудный қалалық "Нұр" мешітінің Бас имамы Сейіт Нұрқанов қалалық қарттар мен мүгедектер үйіне барып, ондағы қариялардың жағдайымен танысып қайтты. Қонақтар құр қол барған жоқ. Қазынаға балаған аға ұрпақ өкілдерін мейрамдарымен құттықтап, тәттілер мен заманауи теледидарды сыйға тартты. Өздігінен жүріп-тұруы қиын аза-



маттар да назардан тыс қалмады. Дін өкілдері олардың бөлмесіне арнайы кіріп, жылы лебіздерін білдіріп жатты.

– Осы үйдегі қариялар Елбасының арқасында мемлекетіміздің ерекше қамқорлығын-

да. Үйіміз жылы, бес уақыт тамақтандырады. Азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді. Барлығы бар. Бізге керекті тек көңіл бөлу. Құдайға шүкір, мерекелер қарсаңында бізге келіп, хал-жағдайларымызды сұрап, құрмет көрсетіп жатқандар жетерлік. Осы үшін алғысым шексіз, – дейді соғыс ардагері Қапар Балтабаев.

Қарттар үйінің ұжымы да қонақтарды ерекше ықыласпен күтіп, оларға арнап мерекелік концертін ұсынды. Қайырымдылық шарасының соңында дүниеден өткен кісілерге Құран бағышталды.

Қарттарым – асыл қазынам

Қарт дегеніміз – ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Теңіздің тұнығы мен тереңдігі қандай болса, қарияларымыздың да білетіні сондай терең. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Көріліктен ешкім құтыла алмаған. Бірақ көріліктің өзінің мәні мен сәні бар.

"1 қазан – халықаралық қарттар күніне" орай Веселоподол орта мектебінің оқушыларымен мерекелік шара ұйымдастырып, жақсы деңгейде өткіздік. Тек қана концерттік бағдарламамен ғана емес, ата-әжелерімізге бар өнерімізді салып, бірігіп жасаған тағамымызды шын көңілмен ұсындық.

Қарттар өте риза болып, ақ батасын беріп, көтеріңкі көңілмен қоштасты.

Бүгінгі жас ертеңгі қария. Мұны



әрбір қазақ азаматтары жадында сақтап, көңілге түйіп, атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз қалатынын ескергені дұрыс. Қарттарымыз бағасыз байлық, төрімізде отыруының өзі бір бақыт.

Өскелең жас ұрпаққа, ата-ананың қадір-қасиеті өте жоғары

екенін, сыйлау керектігін, өмір бойы қарыздар болып өтетінімізді ұғындырып, үлгі, тәрбие беру мақсатында осындай қайырымды іс жасауға тырыстық.

**З. КУЗБАЕВА,
Веселоподол орта мектебінің мұғалімі.**

«АУЫЛЫМ – МЕНІҢ ЖҰМАҒЫМ!»

«Қостанай таңы» газетінің фотобайқауы

Сурет – тарих, сурет – уақыт уысынан суырып алынған «тірі» секундтар. Олай болса, сізге өмірдің ең ерекше сәттерін жұртпен бөлісудің тамаша мүмкіндігі туды!

«Қостанай таңы» газеті оқырмандар арасында «Ауылым – менің жұмағым» атты фотобайқауын жариялаған болатын. Мақсат – жайдары жаздың ең ерекше де көркем көріністерін кадрға іліктірген үздік авторды анықтау. Газетімізге де, ресми сайтымызға да хабарландыру берілгендей, байқауға қатысуға ниет білдірушілерге шектеу қойылмайды.

Жасқа да, жасамысқа да, кәсіби шеберге де, әуес-

қой фотошыға да шарт біреу – талғамды, тосын, жанды суреттер іріктеуге түседі. Ендеше, құрметті оқырман, редакциямыз тағайындаған жүлденің лайықты иегері боламын десеңіз, белсенділік танытыңыз!

Жолдаған фотоларыңыз газет бетінде жарық көріп, сайтымызда да ұдайы көрініс тауып отыратын болады.

Ескерте кетейік, суреттеріңізді Kostanaytany@mail.ru немесе Kt-fan@mail.ru электронды мекенжайларына жолдауыңызға, сондай-ақ 54-84-44, 57-67-65 нөмірлерімен байланысуыңызға болады. Қабылдау 15 қазанға дейін ұзартылды.



Байқауға қатысушы Ерасыл Сұлтан жыл сайын ата-әжесінің ауылында болады. Осы жазды да Наурызым ауданының Мереке (Қайғы) ауылында өткізді. Мінекей, мына суретте жиен тәтелері Дарина және Айша Метеновалармен бірге отырған сәті көрсетілген. Бұл үш балақай жаз шығысымен аталарына баруға асығады. Ерасыл әжесі бие сауғанда құлыншағын ұстап тұрады, атасына танертеңгі малды өріске айдауға көмектеседі. Үшеуі бірігіп қойдың алдынан шығады, бұзау іздейді. Жаз бойы асыр салып ойнап, қымызға қанады. Жайдарлы жаз балақайлар үшін жылда осындай қызыққа толы өтеді.

Сәлеметсіздер ме, құрметті редакция ұжымы! Осы байқауға қатысуға бел байлап отырмын. Аты-жөнім – Дулыбаева Қаламқас Алпысқызы. Мемлекеттік тілде оқытатын Заречный орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып қызмет істеудемін. Мен фотобайқауда туған жерім,



Жанкелдин ауданының қазіргі Жаркөл (Тәуіш) ауылының табиғатының әсем жерлерін көрсеткім келеді. Ауылым – қасиетті Торғай өзенінің бойында орналасқан керемет мекен. Жазғы еңбек демалысымды ауылымда өткізген мен үшін бір ғанибет. Себебі, ол мен үшін жер бетіндегі жұмақ мекен.



Фотобайқаудың бүгінгі қатысушысы – Сарыкөл ауданының Қараоба ауылындағы Бекет Өтетілеуов орта мектебінің тәлімгері Сәуле Молдахметова. Бұл үміткер де байқауға балақайлардың суреттерін жолдап отыр. Материалдармен қоса келген хатқа назар салып көрелік:

«Сәлеметсіздер ме, құрметті «Қостанай таңы» газетінің редакциясы! Сіздердің басылымдарыңыз арқылы аймағымыздың хал-ахуалын, тыныс-тіршілігін біліп отырамыз. Облысымыздың мерейін асқақтатып жүрген жерлестеріміз туралы оқығанда кеудемізді мақтаныш сезімі кернейді. Еңбектеріңізге жеміс тілей отырып, «Ауылым – менің жұмағым!» байқауына Қайранкөл жағасында түскен суреттерімді қатыстырғалы отырмын.

«Бала күлкісі – өмірдің сәні»

Жазда Бекет ордасында «Бала күлкісі – өмірдің сәні» ұранымен «Сергектер» сауықтыру алаңы қызу еңбек етті. Бір ай ішінде бастауыш сынып оқушылары қызықты және тартымды ойындар мен жарыстарға белсенді қатысты. Ән, би, сұлулық байқауларда өз өнерлерін көрермендерге тарту етті. Қара домалақтарымыздың ішінде аты елге танымал, Қараоба жерінен шыққан Бекет Өтетілеуов, Илияс Омаров, Жайсаңбек Молдағалиев, Өмірзақ Сұлтанғазин ағаларымыздың избасарлары бар екеніне күмәнсіз сенемін.

Балдырғандар – елдің болашағы, сондықтан балаларымыздың сыңғырлаған күлкісі ешқашан мый-ылмасын!»



Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың

орынбасары: 54-84-44.

Жауапты хатшы: 54-67-65.

Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36.

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.

Социологиялық зерттеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25.

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның

мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10743. Тапсырыс 2042.

Нөмірдің кезекші редакторы А.АЙҚАДАМОВА.